



САРАПТАМА



ДДҰ – ҚАЗАҚСТАН: НӘТИЖЕЛІ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАС

2

САРАПТАМА



ЕРКІНДІКТІ СЕЗІНГЕН ЕРЕКШЕ КҮН

3

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №127-128 (6421) 24 қазан, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы Хартиясына айналды



Мемлекет басшысы
Медициналық-санитариялық
алғашқы көмек (МСАК) жөніндегі
Алматы декларациясының
қабылданғанына 45 жыл және
Астана декларациясына 5 жыл
толуына орай ұйымдастырылған
жаһандық конференцияның
пленарлық отырысына қатысты.

— Осыдан 45 жыл бұрын медициналық-санитариялық алғашқы көмектің әлеуметтік тұрғыда әділетті моделіне негіз болған Алматы декларациясы қабылданды. Бұл декларация әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы Хартиясына айналып, көптеген елдің халық денсаулығын жақсарту үшін шара қабылдауына, оны адамның іргелі құқығы ретінде мойындауына түрткі болды. Алматы декларациясы біраз елде ана мен бала өлімінің деңгейін жүйелі түрде төмендету, болжамды өмір сүру жасын ұзарту үшін шешуші рөл атқарды. Бүгінде көптеген елде ұлттық денсаулық сақтау жүйесі жолға қойылған. Онда медициналық-санитариялық алғашқы көмекке айрықша мән беріледі. Бұл бес жыл бұрын қол қойылған Астана декларациясында нақтыланады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2

ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ!

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Алматыда Республика күні қандай іс-шаралар өтеді?

Алматыда Республика күнін тойлауға арналған іс-шаралар 20 қазан күні «ALMATY PURPET FESTIVAL» I Халықаралық қуыршақ театрлары фестивалінің салтанатты ашылуымен басталды. 24 қазанға дейін жалғасатын фестиваль аясында жас көрермендерге Қазақстанның түкпір-түкпірінен, сонымен қатар, алыс-жақын шетелдерден – Өзбекстан, Польша, Болгария, Грузия, Түркиядан келген театр ұжымы өнер көрсетеді.

24 қазанда, Республика күніне орай сағат 10.00-де Орталық мәдениет және демалыс саябағында скандинавиялық серуендеу қалалық фестивалі өтеді. Оған «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарынан зейнеткерден құралған командалар қатысады. Фестиваль бағдарламасы аясында скандинавиялық серуендеу бойынша көрсетілімдер, концерт, шығармашылық көрме, сонымен бірге, фестиваль қатысушыларын дипломдармен марапаттау рәсімі өтеді.

Бұған қоса, 24-25 қазан күндері Жібек жолы даңғылында, Панфилов пен Байсейітова көшелерінің аралығында сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін колөнершілер жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңкеде Қазақстан,



Өзбекстан және Қырғызстан шеберлері қолдан жасаған бұйымдарын ұсынады.

25 қазан, сағат 10.30-да «Медеу» БТСК-да мемлекеттік Туды көтеру және Қазақстан Өнұранын жаппай орындау салтанатты рәсімі өтеді. Іс-шараға қала жастары, қоғам қайраткерлері, Алматы қаласы мәслихатының депутаттары және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері қатысады. Мемлекеттік Туды көтеру және Қазақстан Өнұранын жаппай орындау қаланың барлық ауданында өтеді.

Спорттық іс-шараларға келсек, 25 қазан күні сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін спорттық-жаттығу кешенінде шағын футбол, волейбол және дзюдодан, сонымен қатар, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да үстел теннисі және қазақ күресінен спорттық фестиваль өтеді. Сонымен бірге, Балұан Шолақ атындағы спорт сарайында сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен қазақ күресінен «Өнер барысы» турнирі өтеді.

4

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

24.10.2023

Түнде:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жаңбыр, тұман.

Күндіз:



+14+16 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

25.10.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





● ПРЕЗИДЕНТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы Хартиясына айналды

(Басы 1-бетте)

Ел Президенті конференцияға қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, денсаулық сақтау және медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетудің халықаралық жүйесін жетілдіру ісінде Алматы және Астана декларацияларының маңызы зор екенін атап өтті. Оның айтуынша, МСАК жүйесі эпидемияның алғашқы белгілерін анықтау және тосын сын-қатерлерге қарсы әрекет ету ісінде маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдары өздерінің орнықтылығын және туындаған жағдайға тез бейімделе алатынын көрсеткеніне назар аударды. Президент адамзаттың COVID пандемиясын еңсеруіне үлес қосқаны үшін барлық медицина қызметкеріне алғыс айтты. Денсаулық сақтау жүйесі барлық ықтимал қауіп-қатерді ескере отырып, кез келген күрделі жағдайға әрдайым дайын болуы үшін оған қолдау көрсету керек. Ауру-сырқаудың белгілерін бастапқы кезеңінде анықтау және тосын сын-қатерлерге дер кезінде назар аудару үшін әлеуетті арттыра беру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан шараларға арнайы тоқталды.

— Елімізде барлық баланы профилактикалық медициналық тексеруден өткізу ісі жолға қойылған. Әрбір ірі елді мекенде жастардың денсаулық орталықтары жұмыс істейді дегуге болады. Жыл сайын үш миллионға жуық ересек адам скрининг және кәсіби тексеру бағдарламасынан өтеді. Ауыл тұрғындарының медициналық қызмет алуына бірдей мүмкіндік жасау үшін біз бірқатар реформа жүргіздік. Нә-



тижесінде 2018 жылдан бастап ауылдардағы алғашқы көмек көрсету пункттерінің саны 3 еседен астам көбейді. Сонымен қатар, телемедицина және қашықтан мониторинг жасау сияқты цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізіліп жатыр. Бұл алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігін айтарлықтай арттырады, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қолдауымен Мемлекеттердің медициналық-санитариялық алғаш-

қы көмек жөніндегі коалициясын құруды ұсынды. Бұл бірлестік денсаулық сақтау және аурудың алдын алу қағидаттарын одан әрі ілгерілетуге, медициналық-санитарлық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі бірлескен ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету саласын, жалпы денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытуда жастарға зор сенім артатынын атап өтті. Мемлекет басшысы жастармен кездескен сайын спорт-

пен шұғылданудың маңыздылығы туралы айтатынын еске салып, оларды еңбеккер және мақсаттарына адал болуға шақырды.

Конференцияның пленарлық отырысында сондай-ақ, ДДҰ Бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус, ДДҰ-ның Еуропадағы өңірлік бюросының басшысы Ханс Клюге, Земмельвайс медицина университетінің (Мажарстан) деканы Миклош Шочка, Торонто денсаулық сақтау жүйесі университеті МСАК Серіктестік кеңсесі жаһандық бөлімінің жетекшісі Кэтрин Руло сөз сөйледі.

● АЛМАТЫ ДЕКЛАРАЦИЯСЫНЫҢ ҚАБЫЛДАНҒАНЫНА – 45 ЖЫЛ!

ДДҰ – ҚАЗАҚСТАН:

НӘТИЖЕЛІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС



Мемлекет басшысы ДДҰ Бас директоры Тедрос Гебрейесусты және ұйымның Еуропадағы өңірлік бюросының басшысы Ханс Клюгені қабылдады.

Астанада өтіп жатқан Медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі жаһандық конференция аясындағы кездесу барысында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен өзара ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы қонақтарға ілтипат білдіре отырып, еліміз ең маңызды ұйымның бірі саналатын ДДҰ-мен халықаралық деңгейде нәтижелі қарым-қатынас жасап отырғанын атап өтті.

— Еліміз әрқашан Сіздің қызметіңіздің табысты болуына септігін тигізеді. Қазіргідей күрделі жағдайда ДДҰ-ны басқару өте қиын екенін бі-

лемін. Бұл — нағыз сынақ. Сізге әлемдегі көптеген ел мен делегаттардың түрлі пікірлеріне құлақ асып, тиімді шешім табуға және мәміле жасауға тура келеді. Сізге табыс тілеймін. Біз өз тарапымыздан Сізге әрдайым көмектесеміз және қолдау көрсетеміз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пандемиядан кейін аталған саланы қалыпқа келтіру, халық денсаулығын сақтау ісіндегі негізгі мақсаттарға қол жеткізу үшін денсаулық сақтау жүйесін нығайтуға Қазақстанның белсенді түрде кіріскеніне назар аударды. Бұл ретте Президент

ДДҰ жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан тиісті бастамаларға толық қолдау көрсетуге еліміздің дайын екенін нақтылады.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге, соның ішінде халықты денсаулық сақтау қызметімен толық қамтуға, ана мен бала өлімінің деңгейін төмендетуге, сондай-ақ туберкулез эпидемиясын толықтай жоюға ниетті.

Өз кезегінде ДДҰ Бас директоры Алматы және Астана декларацияларының қабылдануы ұйым мен жеке өзі үшін ерекше маңызды екенін атап өтті. Өйткені, ол Денсаулық сақтау министрі қызметін атқарған кезінде, медициналық-санитариялық алғашқы көмекті да-

мыту мәселесімен мақсатты түрде айналысқан.

Бұдан бөлек, кездесуде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен ШЫҰ аясындағы ынтымақтастық, Орталық Азиядағы денсаулық пен әл-ауқатты қолдау жөніндегі 2022–2025 жылдарға арналған жол картасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Жаһандық конференцияны ұйымдастыруға атсалысқаны және осы маңызды шараға қатысқаны үшін Тедрос Адханом Гебрейесус пен Ханс Клюгеге алғыс айтты.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тедрос ГЕБРЕЙЕСУС:

ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛУ
МЕН ҮШІН ҮЛКЕН МӘРТЕБЕ

Мәртебелі мейман, ДДҰ Бас директоры алқалы жиында сөйлеген сөзінде келіні қазақ ұлтының өкілі болғандықтан, өзінің туыстық жағынан қазақтарға қатысы бар екенін аңғартып, Қазақстан Президентін жақын тартып, «құда» деп атады. «Құрметті құда, туысқан мырза! Қазақстанға келу мен үшін шынымен де үлкен мәртебе. Мен Қазақстанды өз елімдей көремін, келінім қазақ қызы болғандықтан, екі немерем де белгілі бір дәрежеде қазақ ұлтынан. Сондықтан Қазақстан да менің бір елім, өзімді Қазақстанның бір бөлшегімін деп есептеймін», — деді Тедрос Гебрейесус.

ДДҰ басшысы — белгілі ақын, ақындар айтысын ұйымдастырушы Жүрсін Ерманның құдасы екені белгілі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



САРАПТАМА

ЕРКІНДІКТІ СЕЗІНГЕН ЕРЕКШЕ КҮН

2022 жылдан бері еліміз «Республика күні» ұлттық мереке ретінде қайта атап өте бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы Ұлытауда Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында осынау қастерлі де қасиетті мейрамды күнтізбедегі мәртебелі орнына қайта қайтарған болатын.



Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайда «25 қазан – Республика күніне» ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды

Тарихқа үңілсек, 1985 жылы Кеңес Одағында «қайта құру» реформасы басталды. Сол кезеңнен бергі еліміздің тарихын әлі де толық зерттеп-зерделей алмай келеміз. Саяси, тарихи баға әлі берілген жоқ. Осы олқылықты түзуге тырысып көрелік.

Сол кезеңдегі Горбачев реформаларынан бері елімізде бірнеше маңызды оқиғалар өтті. Атап айтсақ:

- 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы;
- 1990 жылы 25 қазанда «Егемендік туралы декларацияның» қабылдануы;
- 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өзін Тәуелсіз мемлекет ретінде жариялауы;
- 1995 жылы Жоғарғы Кеңес таратылып, Парламенттің құрылуы;
- 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні; 2009 жылдан «16-17 желтоқсан» күндерінің Ұлттық мереке ретінде бекітілді.
- 2022 жылы 29 қыркүйек: «Республика күні» оралған күн.

1986 жылы желтоқсанда Алматы қаласында өткен жастардың наразылығы халық санасының оянуына түрткі болды. Халқымыз өз еркіндігін сезінген сәт осы еді. Сөзсіз, Қазақстанның қазіргі за-

ман тарихын осы айтулы датадан бастаған жөн. Себебі, Конституцияға сәйкес мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Қайғылы желтоқсан күндері ең алдымен халық өзінің еркін екенін жария етті.

ЕГЕМЕНДІК ЖАРИЯЛАНҒАН СӘТ

АҚШ үшін 1776 жылы қабылданған «Тәуелсіздік декларациясы» қандай маңызды болса, біз үшін де 25 қазан сондай мәнге ие. 1990 жылы 25 қазанда «ҚазКСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация» қабылданды. Дәл осы күні республика билігі өзінің еркін екенін жария етті. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі декларацияны қабылдады.

17 баптап тұратын кішкене ғана құжат егемен ел екенімізді көрсетті. Егемендіктің бастауы 6-бапта бекітілді: «Қазақ КСР-інің мемлекеттік өкімет билігі Республика ішінде, сондай-ақ Одақтық шартта белгіленген шеңберде

сыртқы қарым-қатынаста үстем, дербес, толық болады. Қазақ КСР-і Республикадағы саяси, экономикалық, әлеуметтік және ұлттық-мәдени құрылысқа, оның әкімшілік-территориялық құрылымына байланысты барлық мәселелерді дербес шешеді, мемлекеттік өкімет және басқару органдарының құрылымы мен компетенциясын, сондай-ақ Республиканың символдарын белгілейді», делінген құжатта.

Осылайша тәуелсіздіктің саяси-құқықтық негізі қаланды.

ПРЕЗИДЕНТ ИНСТИТУТЫНЫҢ НЫҒАЮЫ

Бұл жерде «суверенитет» пен «тәуелсіздік» ұғымдарының аражігін ажыратып алған жөн. Себебі, екеуі егіз сөздер емес. Суверенитеттің қазақша баламасы «егемендік». Суверенитет дегеніміз – елдің егемендігін саяси-құқықтық тұрғыдан жария ету. Яғни өзінің еркін екенін толық

сезініп, саяси-құқықтық тұрғыдан бекіту. Ал тәуелсіздік дегеніміз – өзінің еркін, егемен екенінді өзгелердің мойындауы.

Жоғарыда мысал ретінде келтірген АҚШ-та егемендік пен тәуелсіздік мерекесі бір күнде аталады. Яғни «Тәуелсіздік декларациясы» қабылданған 1776 жылдың 4 шілдесі. Ал бізде неге екі күнде аталады деген сұрақ тууы мүмкін. Егемендік пен тәуелсіздік күнінің бөлек аталып өтуіне 1991 жылғы саяси оқиғалар түрткі болған. Біз Кеңес Одағынан тәуелсіздікті жариялаған соңғы одақтас ел едік. Егер 1991 жылы 25 қазанда тәуелсіздікті жариялағанда екі айтулы күн бір уақытқа сәйкес келетін еді. Алайда, саяси себептерге байланысты тәуелсіздікті жариялау кейінге шегерілді.

1990 жылы 24 сәуірде «Президент» лауазымы енгізілді. Жоғарғы Кеңес Нұрсұлтан Назарбаевты президент лауазымына сайлады. Осы кезден бастап Жоғарғы Кеңес пен Президент институты арасы ажырай бастады. 1991 жылы одақтас республикалар бірінен соң бірі тәуелсіздігін жариялады. Ал Қазақстан асыққан жоқ. Оған Президент институтының саяси беделін арттыруға деген ниет себеп болды.

1991 жылы 1 желтоқсанда алғашқы жалпыхалықтық сайлау өтті. Сайлауда Н.Ә.Назарбаев легитимді президент ретінде жеңіске жетті. Мұнда 1990 жылы сайланған президент пен 1991 жылы сайланған президент лауазымында айырмашылық бар. Алғашқы президентті депутаттар сайласа, 1991 жылы халық сайлады. Осылайша парламенттің беделі түсіп, президенттің өсті. Сол жылы 16 желтоқсанда «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның қабылдануына осы екі билік институты арасындағы бөлініс себеп болды. Тәуелсіздік күнін 25 қазан деп бекітуге кедергі жоқ еді. Алайда,

бұл президент институтының саяси беделінің парламенттен төмен екенін мойындау актісі болар еді. Одан кейінгі 1995 жылы Жоғарғы Кеңестің таратылуы мен 2009 жылы «Республика күнінің» тойланбауы сөзімізге дәлел.

ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ МӘРТЕБЕСІ

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 267-ІІ Заңында елімізде атап өтілетін мерекелер бекітілген. Оған сәйкес ұлттық, мемлекеттік, кәсіби және өзге де мерекелер атап өтіледі.

Қатардағы азаматқа бұл мерекелердің еш айырмасы жоқ сияқты. Десе де, ерекшеліктер бар. Мәртебесі ең жоғары – ұлттық мереке. Заңда мынадай анықтама берілген: «Қазақстан мемлекеттілігінің дамуына елеулі ықпал еткен, ерекше тарихи маңызы бар оқиғалардың құрметіне Қазақстан Республикасында белгіленген мерекелер. Ұлттық мерекелерді мейрамдау кезінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда ресми іс-шаралар өткізіледі». Яғни еліміздің мемлекеттілігіне ықпал еткен оқиғалар ғана ұлттық мереке ретінде танылуы мүмкін.

2022 жылы 29 қыркүйекте «25 қазан – Республика күні» ретінде қайта бекітілді. Бұл бастаманы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысында ұсынды. Осылайша «Республика күні» ұлттық мереке ретінде атап өтіле бастады.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



БАЙЫПТАМА

АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫ

біздің өмірімізге қалай әсер етеді?



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Біз ел экономикасын түсінгіміз келсе, ең алдымен ақша-несие саясаты туралы біліп алғанымыз жөн. Онсыз қалған процестерді бажайлау оңай болмайды. Көзіқаракты оқырман бірекі жерден «ақша-несие саясаты» деген сөз тіркесін естіп те, оқып та жүрген болар. Ол не? Және біздің өмірімізге қалай әсер етеді? Егер халықтың барлығы экономикадағы базалық процестерді түсінетін болса, онда популизмнен бас тартып, керітартпа сұрақтар қоймай, жедел дами бастаймыз.

ӨМІРІМІЗДІҢ МӘЛІМ-БЕЙМӘЛІМ ДИРИЖЕРІ

Жалпы, кез келген елде ақшаға, қаржы ағындарына қатысты шешім қабылдайтын тарапты монетарлы билік дейді. Оған көбіне мемлекеттердің орталық банктері жауап береді. АҚШ-та Федералды резерв жүйесі, Қы-

тайда Халық Банкі, Ресейде Орталық банк, Қазақстанда Ұлттық Банк деген атауға ие. Атаулары түрлі болса да, міндеттері бір – орталық банктер экономикадағы ақша ағынын қадағалайды, инфляцияны бақылауда ұстайды, сонымен бірге қажет жағдайда банкноттар басып шығарып оты-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

НАРЫҚТАҒЫ АҚША: ӨСІМНІҢ ЖОҒАРЫ БОЛУЫНА МҮДДЕЛІМІЗ

Мүдделер қақтығысы орын алмас үшін инфляцияға Ұлттық Банк, ал экономикалық өсімге Үкімет жауап береді. Қазақстан кез келген мемлекет сияқты инфляцияның бекітілген шектен шығып кетпей, экономикалық өсімнің жоғары болуына мүдделі. Сондықтан нарықтағы ақша ағынының идеалды балансын іздейді. Нарықтағы ақша экономикалық өсімді қамтамасыз ете отыра, инфляцияны өршітпеуі керек. Осы баланс ақша-несие саясатын дұрыс жүргізу арқылы орнайды.

Біз мемлекет туралы сөз қозғағанда, ішкі саясат, сыртқы саясат дейміз. Одан бөлек, ақша-несие саясаты да бар. Және ол әрқайсымызға қатысты. Біздің қалтадағы қазан ақша, мобильді қосымшадағы әр теңгенің, жалақының, дүкен мен базардағы бағаның артында осы ақша-несие саясаты тұр.

Сондықтан осы саясаттағы өзгерістер біздің өмірімізді де өзгерте алады.

рады. Осы шаралардың жиынтығы, оларды жүргізу процесі Ақша-несие саясаты деп аталады.

Қазақстан жағдайында инфляцияны ауыздықтау мен экономикалық өсім бір-біріне қарама-қайшы жүреді. Мысалы, экономиканы, яғни ішкі жалпы өнімді өсіру қажет дейік. Ішкі жалпы өнім белгілі бір уақыт аралығында өндірілген барлық тауарлар мен жасалған қызметтердің ақысынан құралады. Яғни солардың жиынтығы.

Нарықта басы бос ақша, арзан кредиттер болып, кәсіптер ашылып, белсенділік артқан кезде экономика өсе бастайды. Алайда, ақшаның нарықта еркін және көп болуынан инфляция, яғни барлық заттар мен қызметтердің қымбаттауы өршиді. Сонда экономика өссе де, осы пайданың барлығын инфляция жеп қояды. Ал инфляциямен күресу үшін нарықтан барлық ақшаны алып қойсақ, экономика өспейді.

БАЗАЛЫҚ СТАВКА – ТЕҢГЕНІҢ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚҰНЫ

Осы ретте инфляциямен күресу үшін Ұлттық Банк базалық ставка құралын пайдаланады. Базалық ставка туралы кейінгі мақалада басын ашып жазамыз. Базалық ставканы теңгенің Қазақстан экономикасындағы құны деп айтсақ болады. Біздегі банктердегі кредит пен депозит сыйақы мөлшерінің қанша болатыны базалық ставкаға тікелей байланысты. Бізде базалық ставканы Ұлттық Банктің Ақша-несие саясаты жөніндегі комитеті өз отырыстарында бекітіп отырады. Бір жылда осындай сегіз отырыс өтеді.

Бірақ проценттік каналға қатысты еліміздің өз спецификасы бар. Көп жағдайда базалық ставканың жоғары болуы елдегі кредиттеу көлемінің төмендеуіне әсер ете бермейді. Оған түрлі жеңіл пайызбен берілетін мемлекеттік бағдарламалардың болуы, цифрландыру көмегімен несие алудың онлайн форматқа өтуі себеп болды.

Айбар
ОЛЖАЕВ,
сарапшы.





ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ МЕЙРАМ

МЕРЕКЕ
ҚҰТТЫ
БОЛСЫН!Алматыда Республика күні
қандай іс-шаралар өтеді?

(Басы 1-бетте)

Салтанатты іс-шаралар
Алматының барлық
ауданында өтеді:

– Наурызбай ауданында эстрада жұлдыздарының қатысуымен «Жайсаң өлке, жайдары Қазақстан» мерекелік концертті 24 қазанда сағат 10.00-де «Шұғыла» шағынауданындағы 347/4 мекенжайы бойынша Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында өтеді.

– Жетісу ауданында 25 қазан күні сағат 11.00-де «Гүлдер» саябағында «Жаса, Тәуелсіз Қазақстан!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылады.

– Әуезов ауданында 25 қазан күні сағат 12.00-де Family park демалыс саябағында «Республика күніне арнау» атты концерттік іс-шара өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Республика күніне орай Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында мерекенің маңыздылығына, халықтар мәдениетін дамытуға және ұлттық бірегейлікті нығайтуға арналған брифинг өтті. Алматы қаласы ҚХА орынбасары, Алматыдағы «Қазақстандық Орыс мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Всеволод Лукашев журналистер алдында сөйлеген сөзінде алматылықтар мен ел тұрғындарын келе жатқан мерекемен құттықтады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ол Республика күні – елдегі жалғыз ұлттық мереке екенін және оның маңызы өте жоғары екенін атап өтті. Бұл күн біздің мемлекет ретінде қалыптасқанымызды білдіреді.

Республика күніне орай этномәдени бірлестіктердің өкілдері бірқатар іс-шара жоспарлағанын айта кетейік.

Қазақстан ұйғыр жастары одағының төрағасы Рустам Қайыров брифингке спикер ретінде қатысып, 25 қазан – егемендік жолындағы алғашқы үлкен қадам екенін атап өтті. Бұл мереке кеңінен насихатталуы керек.

«Мен жастар ұйымдарының түрлі креативті, заманауи іс-шараларды ойлап тауып, Республика күнін мерекелеуге асалысқанына өте қуаныштымын. Бүгінде жастар ел тарихына, оның алғашқы қадамдарына қызығушылық таныта бастады», – деді Рустам Қайыров.

Жастардың қосқан үлесі туралы айта келе, Рустам жақында Алматы облысында Zhastar Generation – 2023 Республикалық слеті өткенін, оған еліміздің 12 өңірінен этномәдени бірлестіктердің өкілдері қатысқанын айтты. Іс-шара Республика күнін мерекелеуге орайластырылған. Слеттің

ҰЛТТЫҚ
БІРЕГЕЙЛІК

ашылуында ҚР Туы көтеріліп, Әнұран орындалды.

«Іс-шарада республиканың қалыптасуы кезең-кезеңімен басталған мәселелер талқыланды, көптеген интерактивті алаң болды, олардың кейбіреулері Мемлекеттік рәміздерге арналды. Бұдан басқа, 25 қазанда Алматы көшелерінде интерактивті ойындар жоспарланған. Республика күніне байланысты дұрыс жауап бергендер үшін Қазақстан символикасы бар сыйлықтар берілетін болады», – деп толықтырды Рустам Қайыров.

Брифингте сөйлеген сөзінде Алматы қаласы Азаматтық Альянсының төрағасы Қайыржан Әбдіхалықов Республика Күні мерекесінің шығу тарихы туралы еске салды.

«Республика күні – еліміздің барлық азаматы үшін ортақ мереке. Мен үшін бұл

Егемендік декларациясы – тәуекел мен дипломатияның, ақыл мен сабырдың жемісі... Ең бастысы – біз бабалар аңсаған азат елге айналдық. Әлем мойындаған, құрмет тұтқан мемлекет атандық. Мұның барлығы – бүкіл халқымыздың ортақ еңбегінің жемісі. Республика күнінің басты құндылығы – осында.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

күн патриотизммен, ұлттық бірегейліктен байланысты. Өткен жылдан бері бізде жақсы дәстүр қалыптасты, ол – ұлттық Туды көтеру. Осы арқылы біз ұлттық рәміздерге деген құрметімізді тағы бір рет көрсетіп отырмыз. Шынында да, Республика күні – азаматтарды этникалық, ұлттық шығу тегіне, діни, әлеуметтік жағдайына қарамастан біріктіретін мереке. Тарих пен қазіргі заман тұрғысынан республикамыздың қандай жетістіктерге жеткенін көрсететін және айтатын мереке. Егер тарих біздің егемендікке қалай қадам басқанымызды, тәуелсіздік үшін күрескенімізді көрсетсе, онда қазіргі заман тұрғысынан бұл – қазіргі Қазақстанның жетістіктері, оның әлемдік аренада және біздің өңірде халықаралық мойындалуы», – деді Қ.Әбдіхалықов.

РУХАНИЯТ

БІЛІМНІҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ

Ұлттық кітапхана қорында алматылықтар үшін
123 тілде жазылған 7 миллионнан астам кітап қолжетімді

Бүгін – Кітапханашылар күні. Кәсіби мерекеде Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Ұлттық кітапхана мен Қазақстандық Кітапхана одағы басшылығының қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Айта кетейік, Республика мақтанышына айналған Ұлттық кітапхана – еліміздің ғасырлық тарихы бар ең басты және ең көне кітапханасы. Ол 1910 жылдың 31 желтоқсанында құрылған, сол заманда Верный қалалық думасының шешімімен кітапхана-оқу бөлмесі ретінде Ағарту саласы жанашырлары қоғамының қаражатына ашылған. Кейін Жетісу, одан соң Жетісу облыстық, Ал-

маты губерниялық және Алматы аудандық деп аталып келді. 1931 жылы Қазақ КСР-ның Мемлекеттік көпшілік кітапханасы болып қайта құрылды. 1937 жылы ақпанда кітапханаға ұлы орыс ақынын еске алу және оның қайтыс болғанының 100 жылдығына байланысты А.С.Пушкиннің есімі берілді. 1991 жылы елдің бас кітапханасы «Ұлттық» мәртебесін иеленіп, сол арқылы мәдениеттің ерекше құнды объектісі ретінде мемлекеттік және қоғамдық маңызға ие болды.

Ұлттық кітапхана директоры, Қа-

зақстандық кітапхана одағының төрағасы Бақытжамал Оспанова атап өткендей, бүгінде кітап қоры 7 миллионнан асады, 123 тілде жазылған.

«Кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар жинағында 40 000-нан астам құжат бар, олардың 1000-нан астамы қолжазбалар. Біз XII-XIX ғасырлардағы тарих, география, медицина, математика, философия, лингвистика және зерттеушілер үшін ғылыми қызығушылық тудыратын басқа да шығыс қолжазбаларының бай жинағымен мақтана аламыз. Қолжазбалар араб, парсы, түрік, түрік, өзбек, шағатай және басқа тілдерде жазылған», – деді спикер.

Кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің қорында «Иван Грозный» кинофильмінің Алматыда түсірілімі аяқталғаннан кейін сол кездегі В.Л.Воинов пен С.М.Эйзенштейннің суреттері салынған 8 дәптердің сақталғанын бәрі біле бермейді. Олар – қалың қағаз парақтары бар баға жетпес дәптерлер.

ҚР Ұлттық кітапханасы директорының кітапхана жұмысы жөніндегі орынбасары Ажар Юсупова қорда 3700 граммпластинкадан тұратын қазақ музыкасының баға жетпес фонотекасы сақталғанын да атап өтті. Сонымен қатар, кітапханада каталогтаушылар мектебі және жазбаша құжаттарды консервациялау және қалпына келтіру мектебі жұмыс істейді. Олардың міндеті – машинада оқылатын каталогтау және консервациялау, қалпына келтіру және кітап құжаттарын түптеу бойынша практикалық дағдыларды үйрету. Мектептердің негізінде теориялық және практикалық сабақтар, «шеберлік сағаттары» өткізіледі. Сондай-ақ, еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта кітапхана ісі саласында дуальды білім беру бойынша үлкен жұмыс атқарылуда. Мұның бәрі тәуелсіз Қазақстанның соңғы жетістіктері.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»



ҚАУІПСІЗ ӘРІ ҚОЛАЙЛЫ

серуендеуге арналған аймақтардағы
жұмыстар аяқталды

Алматы әкімдігінің Телеграм-арнасында хабарланғандай, Түркісіб ауданын абаттандыру аясында ағымдағы жылы Молдағалиев көшесі мен Чехов көшесіндегі жаяу серуендеу аймағындағы жұмыстар аяқталды. Сондай-ақ, №6 Оқушылар үйінің жанындағы саябақ қайта реконструкцияланды. Бұл жобалар Сауранбаев көшесінде бұрын жабдықталған серуендеу аймағының жалғасы болып табылады.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

– Молдағалиев көшесіндегі жаяу серуендеу аймағы сондай жайлы, тіпті кеш қарайған кезде де әдемі шамдардың жарығымен серуендеуге болады. Әсіресе, мектептен кейін немерелеріммен қыдырғанға өте қолайлы, – дейді аудан тұрғыны Нұрсұлу Оразбекова.

Қазіргі таңда әкімдік «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыстарды жалғастыруда. Ағымдағы жылы Түркісіб ауданы үшін 82 жобаны іске асыруға 1,5 млрд теңге бөлінді. Бүгінде ауаларды жарықтандыру, ойын алаңдарын салуды, терендетілген қоқыс контейнерлерін орнатуды және жаяу жүргіншілер көпірлерін жөндеуді қоса алғанда, 58 нысан аяқталды. Қараша айының соңына дейін тағы 24 жобаны аяқтау жоспарда бар. Оның ішінде ойын алаңдарын салу, жаяу жүргіншілер көпірлерін жөндеу және жаяу жүргіншілер мен серуендеу аймақтарын абаттандыру жұмыстары бар.

Ағымдағы жылдың қазан айының соңына дейін әуежай алаңына жөндеу жұмыстары аяқталады. Оның аясында фонтан, суару жүйесі орнатылып, жаяу жүргіншілер жолдары жаңартылады.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Мемлекеттік комиссия:

ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢҒЫРТУ

мәселелері талқыланды



Премьер-министр Әлихан Смайылов Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның кезекті отырысын өткізді.

Жиынға қатысушылар Алматы және Шымкент қалаларында ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, IT-саласы мен ауыл шаруашылығына арналған жабдықтарға салық салу мәселелерін, сондай-ақ басқа да бірқатар мәселелерді талқылады.

Сонымен қатар, еліміздің тау-кен металлургия кешенін одан әрі дамыту шаралары қаралды.

Өңдеу өнеркәсібі:

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ

Үкіметте өткен Инвестициялық штаб отырысында өңдеу өнеркәсібіне инвестиция тарту мәселесі қаралды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ілияс Оспанов баяндағандай, өткен 9 айда өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға 1 трлн және 27 млрд теңге инвестиция тартылған. Жалпы, биыл инвестиция көлемі 1 трлн теңгені құрайтын 170 жобаны іске қосу жоспарланған. Олардың ішіндегі ең ірілері – тұрмыстық техника және арнайы кокс өндіретін кәсіпорындар, сондай-ақ шламдарды қайта өңдейтін кен байыту фабрикасы. Бүгінгі таңда жалпы құны 200 млрд теңгені құрайтын 65 жоба іске қосылған.

«Тек қана жол картасын бекіту арқылы барлық мәселені шешу мүмкін емес. Бұл жерде жобалардың қалай жүзеге асырылып жатқанын, жер-жерде қандай мәселелер шешілмей жатқанын қадағалау керек. Жол картасын мақұлдаумен барлық мәселелер шешілді деу – бар болғаны бюрократия! Инвестициялық жобалар жүзеге асып, оның нәтижесін көрмейінше, мәселе шешілді деп айтуға болмайды», – деді Әлихан Смайылов.



Мәжіліс:

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ



Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерулан Жамаубаев халықтың шамадан тыс несие алу және қаржылық сауаттылығын арттыру мәселелері бойынша парламенттік тыңдауға қатысты.

Мәжіліс спикері айтқандай, «бүгінде халықтың 84 пайызы немесе 8,4 миллионнан астам адам қарызға белшесінен батқаны. 90 күннен кешіктірілген қарыз көлемі шамамен 1,4 трлн теңге. Көптеген азаматтар өзінің қаржылық құқығын біле бермейді. Соның салдарынан қайта-қайта қарызға ұрынып жатады.

Президент өз Жолдауында «Қарызсыз қоғам» жобасына ерекше тоқталып, мұны жалпыхалықтық бағдарламаға айналдыру керектігін айтқаны белгілі. Аманат партиясы бастаған «Қарызсыз қоғам» жобасы қысқа уақыттың ішінде тиімділігін көрсетті. Қазір бұл бағдарлама Үкіметпен, құзырлы органдармен және жергілікті әкімдіктермен бірге бүкіл ел бойынша іске асырыла бастады. Несие беру талаптарын заңнамалық деңгейде күшейту қажет. Онлайн несие алу ережелерін қатаңдатып, кредит берудің шарттарын қайта қарау керек. Жеке тұлғаларға берілетін несиелер бойынша шекті пайыздық мөлшерлемені төмендету маңызды. Кредиттерді коллекторлық ұйымдарға сатуға толық тыйым салуды енгізген жөн. Кәмелетке толмаған балалары бар отбасылардың жалғыз баспанасынан айырылып, көшеде қалуына жол бермеу керек. Сондықтан халықтың қарыздық жүктемесін азайту шараларын жан-жақты талқылап, нақты шешімдер қабылдау қажет».

Парламенттік тыңдау қорытындысы бойынша барлық ұсыныс пен ескертпелер депутаттар мен жауапты мемлекеттік органдардың бақылауында болады.

ҚР Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігі:

МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАЛАРЫ

кезең-кезеңмен енгізілетін болады



2024 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын өз қаражаты есебінен 2024 жыл мен 2028 жыл аралығында кезең-кезеңімен 1,5%-дан 5%-ға дейін жұмыскерлерінің пайдасына аудару жоспарлануда.

Осылайша зейнеткерлікке шыққан кезде бұл жұмыскерлер қосымша жинақтаушы зейнетақы төлемімен қамтамасыз етілетін болады, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Бұл шара қазақстандықтардың жас буынын қолдауға бағытталған, олардың зейнетақы мөлшері зейнетақы аударымдарына тікелей байланысты болады. Зейнетақы үш компоненттен: мемлекеттен базалық зейнетақы, жинақтаушы зейнетақы – Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударымдар есебінен және шартты-жинақтаушы зейнетақы – жұмыс берушілердің жарналары есебінен құралады.

ЖМЗЖ енгізу, әсіресе, ынтымақты өтілі жоқ (1998 жылға дейін) немесе ынтымақты жүйедегі өтілі аз азаматтар үшін өзекті. Осылайша әлемдік тәжірибені ескере отырып, азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру үшін мемлекеттің, жұмыс берушінің және қызметкердің қатысуымен ортақ жауапкершілігі болады. Салық кодексіне сәйкес салық салынатын табыстан шегерімге жатқызылғандықтан, тиісінше жұмыс берушінің ЖМЗЖ төлеу бойынша шығыстары тиімді деңгейде қалатынын атап өту қажет.

Қазақстан мектептері:

ТАМАҚТАНУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІ



Елімізде әзірленген жаңа модель мектепте тамақтану мәдениетін қалыптастырудың кезеңдік іс-шаралар кешенін қамтиды.

Пилоттық жоба Астана қаласының алты мектебінде жүзеге асырылуда. Аталған модель Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен Ұлттық салауатты тамақтану орталығымен бірлесіп құрылды. Бірінші кезеңде мектептегі тамақтануды ұйымдастыруды бағалау және талдау мақсатында балалардың мектеп аханасындағы мінез-құлқының үлгілерін байқап зерттеу, антропометриялық көрсеткіштерді өлшеу (бойы, салмағы) және дұрыс тамақтану қағидаттарын білуге сауалнама жүргізіледі.

Екіншісінде – салауатты өмір салты саласындағы білім мен тәжірибені байыту үшін жеткізушілерді, мектеп персоналды, оқушыларды және олардың ата-аналарын оқыту ұйымдастырылады.

Үшінші кезең балалардың дұрыс тамақтануына және физиологиялық қажеттіліктерін есепке алуға баса назар аударатын, оқушылардың тамақтануын реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды үйлестіруді білдіреді.

Төртінші кезеңде балалардың денсаулығын сақтауға бағытталған мектепте тамақтанудың жаңа моделін әзірлеу көзделіп отыр. Бұл үдеріс денсаулықты сақтауға ықпал ететін білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында үйлестірілген тәсілді қамтамасыз етпек.

Соңғы кезең – енгізілген өзгерістердің мониторингі және тиімділігін бағалау. Бұған дейін министрлік тамақтануды ұйымдастырудың қауіпсіз жағдайларына әсер ететін критерийлерді зерттеген болатын. Соған сәйкес Ұлттық дәстүрлерге және өңірде өндірілетін отандық өнімдердің ассортиментіне сәйкес мәзір әзірленді.

Осы жылдың 1 қыркүйегінен бастап алғаш рет 1,6 млн-нан астам оқушы, оның ішінде 1,4 млн-нан астам бастауыш сынып оқушылары және 220 мың ХӨОТ санатындағы 5–11-сынып оқушылары тегін тамақпен қамтылды.

Әділет министрлігі:

БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР eGov.kz сайтында қолжетімді



Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындағы баспасөз конференциясында әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков ведомствоның құзіретіне жататын барлық қызметтер eGov.kz сайтында қолжетімді екенін мәлім етті.

Мәліметке сәйкес, бүгінде «eGov mobile»-да министрліктің 29 мемлекеттік қызметі, 14 сервисі және 5 цифрлық құжаты бар.

«Қаңтар айында жылжымалы мүлік кепілін тіркеу бойынша қызмет автоматтандырылды. Осындай жұмысты заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы қызметтер бойынша жүргізу жоспарлануда», – деді ведомство өкілі. Қазақстандық бірнеше банктің қосымшаларына енгізіліп, көрсетілген қызметтер арасынан спикер неке тіркеу, бала туу туралы куәлік алу, заңды тұлғалар туралы мәлімет және жылжымайтын мүлік мәлімет алуды атады. МИБ төрағасын ауыстыру қызметі де цифрлық форматта қолжетімді етілді.

«Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде смартфондардың ыңғайлылығын ескере отырып, осы бағыттағы жұмыс жасаластырылатын болады», – деп хабарлады әділет вице-министрі.

Сақтандыру қоры:

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР АРТАДЫ



Қазақстанда еңбекке қабілеттіліктен айырылу және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша әлеуметтік төлемдер мөлшері артады.

Тиісті қаулыға Премьер-министр Әлихан Смайылов қол қойды. Атап айтқанда, құжатта 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Мемлекеттік әлеуметтік

сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттіліктен және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша тағайындалған әлеуметтік төлемдерді 7%-ға арттыру көзделген. Аталған қаражат еңбекке қабілеттілікті жоғалтқан 87 мыңға жуық адамды және асыраушысынан айырылған 59 мың отбасын қамтиды. Бұл мақсаттарға қосымша 5 млрд теңгеден астам қаражат жұмсалмақ.

Естеріңізге сала кетейік, Әлеуметтік кодекске сәйкес, ҚР Үкіметі еңбекке қабілеттіліктен және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша төлемдердің мөлшерін жыл сайын арттырып отырады.

Газ құбыры:

«БЕЙНЕУ-ЖАҢАӨЗЕН» магистралының екінші желісі іске қосылды



Әлихан Смайылов телекөпір арқылы ұзындығы 308 шақырым болатын «Бейнеу-Жаңаөзен» магистралды газ құбырының екінші желісін іске қосты.

Бұл өңірдегі елді мекендерді, ірі

өнеркәсіптік нысандарды, сондай-ақ жылу және электр қуатын өндіретін Маңғыстау облысының бас энергетикалық кәсіпорны – «МАЭК» ЖШС-ны газбен тұрақты түрде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. «Бейнеу-Жаңаөзен» газ құбырының екінші желісінің өткізу қабілеті жылына 5,8 млрд текше метрді құрайды. Аталған жоба еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайта түседі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

(Дереккөздер: primeminister.kz; ortcom.kz; www.parlam.kz).



ҰЛТ ҰСТАЗЫ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Республика күні мерекесі қарсаңында Медеу ауданының «Алатау» кентінде орналасқан №7 жалпы білім беретін мектеп оқушылары «Тіл білімінің атасы» атты Ахмет Байтұрсынұвтың 150 жылдық мерейтойына арналған көрсетілімді сахналады. Аталмыш мектеп жанындағы жас өнерпаздардың «Жас өркен» жастар театрына белгілі өнер иесі, сахна саңлақтарынан дәріс алған Гүлмира Уәлиева жетекшілік етеді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Бүкіл саналы ғұмырын қазақ тілінің дыбыстар жүйесін арнайы зерттеуге арнап, қазақтың жазба тілін шұбарлықтан тазартумен айналысқан белгілі қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынұлының ізгі арманы соңындағы ұрпағының ана тіліне деген құрметі емес пе еді? Оқушылар бұл күні тіл білімінің атасына құрмет көрсетіп, ілімін жалғады.

Қасиетті ана тілінің мәңгілік ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, тазалығын сақтауы да осы мектеп-анадан бастау алады. Осы ретте №7 жалпы білім беретін мектеп ұжымы жас ұрпаққа тек

білім берумен ғана шектелмей, тәлімді тәрбиені де қоса қамтып келеді. Ал бүгінгі таңда жас ұрпақ санасына тәрбиені тек біліммен ғана емес, ұлттық құндылықтар арқылы сіңіру басты қағидаға айналып отыр. Сондықтан мектеп оқушысы Ерік Ертіре сахналаған Ахмет образы өзіндік ерекшелігімен дараланды.

Міне, мектеп сахнасы сырғи ашылып, Алашорда өкіметінің мүшесі, ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының бейнесі көрінді. Елінің болашағы, ұрпағының келешегі үшін басын бәйгеге тіккен Алаштың арда ұлы Ахмет Байтұрсынұв сол замандағы әділетсіздікті

арқау еткен өзінің «Досыма хат» өлеңін оқып отыр. Бейне ұлт көсемі бұл өлеңін бүкіл қазақ даласына, бүкіл ұлтқа қаратып айтып отырғандай.

– Мектептің 8-сынып оқушыларының сахнаға алғашқы қадамы болса да, Ахмет Байтұрсынұвтың тар қапастағы өмірін нанымды сәттермен бейнелей білді. Алаш арысының ішкі жантебіренерлік сәттерін аса шеберлікпен суреттеп шықты. Жас өнерпаздың күрделі образды бұлайша аша білуі көпшіліктің көңілінен шықты, – дейді мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Сәуле Ахметжанқызы.

Сахнадағы ақынның тебірене оқыған:

«Сағыныш тауын
анама деген,
Теңгем бір сәт күн
менен айға, –

деген өлең жолдарын тыңдаған талай жанның жанарына жас үйірлді.

Сахналық қойылымның тағы бір ұтымды тұсы – экраннан тарихи хроникалар көрсетіліп, кештің мазмұнын толықтыра түсті.

Мәселен, «Анама хат» бейнежазбасы арқылы оқушылардың Ахмет Байтұрсынұвтың өмірі туралы аз мәлімет алмағаны анық.

Келесі кезекте оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының «Бар ма менің жазығым?», «Өлшеулі өмір» өлеңдері мен «Бұлбұл мен есек», «Айна мен маймыл» мысалдарын нақышына келтіріп оқып берді.

Бұдан соң оқушылар А.Байтұрсынұвтың нақыл сөздеріне кезек берді.

Еркіндікке қол жеткізген елдің бүгінгі жарқын өмірі «Қазақша би» театрландырылған көрінісімен көмкеріліп, «Қазақ елі осындай», «Біз біргеміз» әндері шырқалды.

МЕРЕЙ

«ҰСТАЗ АТЫ –
БИІК ӘРІ МӘНГІЛІК!»

№149 мектепте салтанатты іс-шара өтті

Бұл қара шаңырақта кәсіби мереке қарсаңында мұғалімдердің мерейін асырып, еңбегін бағалау, оларға құрмет көрсету бұлжымас дәстүрге айналған. Биыл да игі бастама жалғасын тауып, бастауыш сынып бірлестігі ұйымдастырған тамаша кеш көптің көңілінен шықты.

Кеш шымылдығын ашқан мектеп директоры, ҚР Білім беру ісінің үздігі Шырынкүл Зейнуллақызы ұстаздарды кәсіби мерекесімен құттықтай келе, «Еңбек ардагері» марапатына ие болған бастауыш сынып мұғалімі Гүлмария Нұрғалиқызына және ардагер ұстаздарға ерекше ілтипат білдірді. Өз кезегінде ардагер ұстаздар атынан сөз алған ұлағатты ұстаз, ҚР Білім беру үздігі, осы мектепте басшылық қызмет атқарып, зейнетке шыққан Ғалия Қайырбекқызы Манкеева өзінің жүрекжарды лебізін жолдады.

Белгілі әнші, саксофонист Ермек Меденов, жас актер Қуаныш Керімқұлов өнер көрсетіп, кештің көрігін қыздырса, бастауыш сынып мұғалімдері Ақжарқын Әбішева, Ұлбибі Қабиденова әннен шашу шашты.

Кешке мектепте көптеген жылдар бойы қызмет жасап, зейнетке шыққан қадірлі де ұлағатты ұстаздар шақырылды. Келешектің иесі – жас ұрпақты тәрбиелеудегі қиын да қызықты, ізгі де адал еңбектерінің жемісін көріп, осы күні құрметті демалыста

отырған ұлағатты ұстаздармен мерекелік кеш өте әсерлі өтті. Оқушылардың өнері ұстаздар жүрегіне шынайы мейірімділік пен жылылық алауын жаға білді.

Кеш соңында сөз алған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Жұлдыз Аязбекқызы «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік – сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, білімі мықты, білігі жоғары жаңашыл ұстаздар біздің оқу ордамыздың мақтаныштары екенін айта келіп, барша ұстаз қауымына жақсы тілегін арнап, кешті қорытындылады.

Әр жүрекке жылу сеуіп, нұр қуатын қуатты, өмірдің қайнар көзі, тіршіліктегі шырақтың сөнбес ошағы болған ұлағатты ұстаздарға деген құрметтің бәсі әрқашанда биік болмақ. Ғалым да, шахтер де бас иетін ұстаз мерейі әрқашан жоғары болсын!

А.СЫДЫҚОВА,
Бастауыш сынып
бірлестігінің жетекшісі.

«СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ»

Түрлі ұжым бар екені сөзсіз. Ұстаздар ұжымы, оның ішінде ер-азаматтары басым ұстаздар ортасы, тіпті бөлек әлем. Біздер, Алматыдағы М.Мақатаев атындағы ұстаздар ұжымында 40-қа тарта ер-азамат жұмыс істейміз. Бір байқағаным, бізге деген басшымыздың, гимназия әкімшілігінің, ұстаздардың, ата-аналардың, шәкірттердің құрметі ерекше. Азамат әрі ұстаз деген атты қатар алып жүру – жауапкершіліктің екі есе екенін танытады.

Ұжымдағы әрбір ер-азаматтың әрқайсысы бір төбе. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші, әрбірі – «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматтық бейнесімен асқақ тұлға. Оның ішінде ардақты ағаларым мен іні болса да еңбегі ірі әріптестерім баршылық.

Бүгін мен гимназиямыздың ұстазы, «Үздік педагог», «Жыл мұғалімі», тарих және құқықтану пәні мұғалімі Дәурен Сағынғалиевтің еңбегіне әріптесі ретінде баға бермекпін. Халқымызда: «Жасы кіші болса да, ақылы асса, аға тұт!» деген даналық сөз бар. Ізбасар іні-әріптесімнің бойында кез келгенде бола бермейтін қырағылық, өз жасынан озық ойлайтын ерекшелік, ораторлық шеберлік, мықты жад, шексіз білім бар. Өзіндік әрбір ұжым мүшесі, әрбір шәкірттің қадірлейді. Тілдесе кетсең, сөздің майын тамызып, жүрекке жеткізетін тапқырлығы да, қажет кезінде айтып тастайтын өткірлігі де, шындықты, әділдікті сүйетіні, қара қылды қақ жара сөйлейтіні тағы бар.

Тарихшы әріптесім ретінде тақырыптарды жиі талдауда да тың дүниелер мен ең қажетті деректерді тілге тиек етіп, тәпті ететін қасиеті өз алдына. Тіпті, кейде цифрлардан шатаспай, нақты ақпаратты дер кезінде беруі, тіпті құқықтану пәнінен қай бапта ненің айтылғанын, даналар мен ғалымдардың пікірін айна-қатесіз жатқа айтқанын естігенде, ғажап деп таңданасың. М.Мақатаевтың 300 өлеңін жатқа білуі, тіпті Мұқағалидың даусына ұқсатып өлең оқуы, қажет кезде ән де айтатыны көргенді тамсандырмай қоймайды.

Мұндай ұстаз шәкіртке сөзсіз сыйлы ғой. Ал әріптестер үшін үлкен абырой. ҰБТ-дан ең алғаш 139 балл алған да осы – Дәурен Наурызбайұлының шәкірттері. Жас болса да, «Білім беру саласының үздігі», «Мұқағали ізбасары» төсбелгілерінің иегері атанып үлгерген ол ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталарымен, ҚР Білім және ғы-



лым министрінің Алғыс хаттарымен марапатталған. Алматы қаласы әкімінің білім саласындағы екі мәрте сыйақысының иегері, «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсының лауреаты, «Мемлекеттік тіл – менің тілім», «Адал ұстаз», «Білгірлер бәйгесі» конкурстарының жеңімпазы, «Үздік

жас ғалым–2018» жастар сыйлығының иегері, «Алматының жыл мұғалімі–2020» конкурсының жеңімпазы, екі оқу-әдістемелік құралдың, проза жанрындағы «Тоғыз толғаныс», «Жан шуағы» кітаптарының авторы, 30-дан астам ғылыми мақалалары жарық көрген. Орта білім саласының үздігі ретінде Астана қаласындағы «Атырау» көпіріне портреті қойылған. «Орта білім мазмұнын жетілдіру бойынша» жұмыс тобының және «Құқық негіздері пәнінен Үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу» бойынша жұмыс тобының мүшесі ретінде атқарған жұмыстары да бір төбе. «Жоғары білім саласындағы менеджмент», «Алаш тағылымы» авторлық бағдарламаларының құрастырушысы, Санкт-Петербуркте, Бішкекте тағылымдамадан өткен. Орта және жоғары білім саласындағы сарапшы.

Өз Отанын, өз ұлтын жанындай жақсы көретін әріптесіміз, 25 қазанда, Республика күні 30 жасқа толады. Жылдар бойы ақырын жүріп, анық басып келе жатқан ұлағатты ұстазсыз! Бізді сабырлы мінезбен, салиқалы салмақты ақылыңмен, ұшан-теңіз біліміңмен, тектілігіңмен тәпті еткен ұжымдас әрі дос бола білген жансың! Ұжымда шәкірт тәрбиелеп, білім беруде еңбегің өте жоғары! Қоғамның әрбір жаңалығын жылы қабылдап, шәкірттердің бойына тәрбиені жеткізумен қатар, бойындағы бар жинаған білімді оқушылардың санасына сапалы сіңіріп, шәкірттерінің білімді, парасатты болып шығуына қашанда атсалысып, жемісі мен жеңісін көріп келесің, ол – өзіңнің ерен еңбегіңнің арқасы.

Ұстаз деген ұғым бар, мына дүниеде. Ілмейтінді ілдіретін, білмейтінді білдіретін. Санаға ақыл ұялататын, арманды алдан қиялатағын. Өмірді ұғынуына себеп болатын, тірлікке кіруіне көмек болатын. Әр кезде аялайтын, дәрісті аямайтын. Тұлғалық табиғатын мәңгілік қалдыратын ұлағаты мен ұстанымы жоғары өзіндей ұстазбен ұжымдас болғанымызға Жаратқанға шексіз алғыс айтамын!

Б.ЖАРЫЛҒАПОВ,
М.Мақатаев атындағы
№140 гимназиясы
тарих пәнінің мұғалімі.

АЗАМАТ ДЕГЕН
ОСЫ ЕМЕС ПЕ?



ДЕРЕК ЖӘНЕ ДӘЙЕК

ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

қалай қабылданды?

«Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация» жобасын даярлау жөніндегі комиссияны қазақ заңгерлерінің патриархы, академик-депутат Салық Зиманов басқарды. Кеңестік империяның ықпалы әлі де жүріп тұрған азаттыққа ұмтылыстың елең-алаң кезеңінде бұл тарихи құжат оңайлықпен қабылданған жоқ. Осынау маңызы зор құжаттың қабылдануы жөнінде ұлт басылымы «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған заң ғылымының докторы, профессор, академик Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Академик Зиманов және «Егемендік декларациясы» атты нақты мұрағаттық негізде жазылған тағылымдық мақаласынан ықшамдалып алынған деректер мен дәйектерді, оның авторлық тұжырымдарын оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік. Сонымен...

«Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

(Мемлекет басшысының Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтай жиынында сөйлеген сөзінен).

• «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы он екінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екінші сессиясының 1990 жылдың 25 қазанында өткен ертеңгілік отырысының күн тәртібіне шығарылды.

Сол кездегі Жоғарғы Кеңес төрағасы Е.М.Асанбаев декларацияның негізгі жобасы туралы егжей-тегжейлі баяндама жасап, ол 17 қазанда «Социалистік Қазақстан» мен «Казакхстанская правда» газеттерінде жарияланды.

Мәреге жеткен қос жоба 15-16 қазан күні қызу талқылауға түсіп, оған 40-тан астам депутат қатысқан екен. Ұсынылған жобаның екеуі бір-біріне мүлде керіс еді. «Демократиялық Қазақстан» атты парламенттік топ даярлаған жобада «ұлттық мемлекеттілік», «ұлттардың өзін-өзі билеуі», «мемлекеттік тіл» сияқты ұғымдар мүлдем қамтылмай, «ұлттық мемлекеттілік құқықтық мемлекет ұғымына сәйкес келмейді» деген жалған тезис басшылыққа алынды. Өкінішке қарай, осы топтың ішінде есімі жұртқа белгілі қазақ азаматтары да болды. Олар дайындаған жобаның атауынан да «мемлекеттілік» деген сөз алынып, декларация «Қазақ КСР егемендігі туралы» деген жадағай атаумен ұсынылды.

Талас-тартысқа толы талқылау барысында ешқандай мәмілеге келе алмаған депутаттар 1990 жылдың 16 қазанында 25 адамнан тұратын комиссия құрып, оның төрағалығына академик-депутат Салық Зиманов сайланады. Орынбасарлыққа Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары З.Федотова мен Экономикалық реформа, бюджет және қаржы комитеті төрағасының орынбасары М.Оспанов ұсынылады. Комиссия құрамына академиктер Ж.Әбділдин, М.Қозыбаев, С.Сартаев, жазушы Ә.Кекілбаев, Қорғаныс министрі, армия генералы С.Нұрмағамбетов, КГБ генералы, Шығыс шекара округінің қолбасшысы Е.Неверовский және тағы басқа да жалпы саны 25 депутат енді.

Ұлты, әлеуметтік тегі, қызметі, өңірлік өкілдігі тұрғысынан әралуан депутаттардан тұратын комиссия он тәулік бойына күніне екі рет отырыс өткізіп, әрбір ұсынысты қызылкенірдек болғанша талқылады. Нәтижесінде көбінесе дауыс екіге жарылып, көптеген бап 2-3 дауыс басымдығымен ғана мақұлданды.

Салық Зиманов басқарған комиссия 10 күн бойы депутаттар-

дан түскен жазбаша ұсыныстарды салыстырмалы кестеге түсіріп, ауызша ескертулерді комиссия отырысында тындап, сұрақтардың барлығына заңнамалық тұрғыдан дәлелді, тиянақты жауаптар қайтарады. Сондықтан күн тәртібіне шығарылған декларация әбден пысықталған, жан-жақты талқылаудан өткен құжат болатын.

• 1990 жылғы 25 қазан күні «Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы декларация» депутаттар талқылауына шығарылды.

Декларация жобасын талқылауға көшкенде сөз комиссия төрағасы Салық Зиманұлы Зимановқа ұсынылды. Ол өз сөзін: «Біздің республикамыздың Мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы азаматтық, ұлттық, тұтастай алғанда, қоғамдық келісімге жетуге бағытталған консолидациялық құжат болуға тиіс», деп бастап, оны талқылаудың оңай болмағанын, кейбір баптар бойынша ортақ консенсусқа келе алмағандарын, сол себепті сессияның басында таратылып берілген нұсқаға бірқатар өзгеріс түсірілгенін алға тартты. Егер депутаттарға таратылған нұсқада 15 бап болса, талқылау барысында ол 18-ге дейін жеткен.

С.Зиманов талқылауға ұсынылған нұсқа 21 қазанда дайын болып, одан кейінгі үш күн ішінде жекелеген депутаттар, ғалымдар және ғылыми-зерттеу институты өкілдерімен қосымша жұмыстар жүргізіліп, бірқатар редакциялық, стилистикалық және мазмұндық сипаттағы өзгерістер түсірілгенін жеткізді.

Баяндамашының тағы бір ерекше атап өткені – декларациядағы республика мен Одақтың өзара қарым-қатынасы және құзырет бөлісу мәселесі. С.Зиманов күні кеше ғана (яғни 24 қазан күні) Одақтық шарт жобасын алғанын, соған сәйкес ондағы кейбір ойлар мен идеяларды пайдаланғанын алға тартты. Одақтық шартта республика Президенті жоғары атқарушы билікпен қатар мемлекет басшысы да екендігі атап көрсетілгендіктен, бұл норманың да ұсынылған декларация жобасына енгізілгенін жария етті.

Депутат Зиманов декларация преамбуласындағы «қазақ ұлтының тағдыры үшін жауапкершілікті ұғына отырып» атты ұғымға қарсы шығып, оған «және басқа ұлттардың» деген тіркесті қосуға ұмтылушылардың бар екенін де ашықтан-ашық айтты. Өзінің бұл мәселеге мүлде қарсы екенін, өйткені бұл Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған халық-



«Салық Зиманов Мемлекеттің егемендігі туралы декларацияның жасалуы мен қабылдануының қайнар бастауында тұрды»

ралық құжаттарға, Адам құқығы жөніндегі жалпыға бірдей декларацияға кереғар екенін құқық теориясы тұрғысынан жан-жақты түсіндірді. Одақтас республикаларда қабылданған декларацияларға, атап айтқанда, Грузия, Армения, Белоруссия, Украина, Молдова және Тәжікстанға сілтеме жасап, олардың декларациясынан үзінді келтіріп, барлығында жергілікті халықтың өзін-өзі басқаруына басымдық берілгеніне тоқталды.

Баяндамашы декларацияның екінші бабындағы «ұлттық мемлекеттілік» ұғымы бойынша кейбір депутаттар орынсыз, қисынсыз дау-дамай туғызып, тіпті өзі басқарып отырған комиссияның кейбір мүшелері теледидар арқылы жұрт алдына шығып, Қазақстанға «ұлттық» емес, «федеративтік» жүйе керектігі туралы ұсыныстарын тықпалап жүргенін де жайып салды.

Салық Зиманов баяндамасын аяқтаған соң төраға Ерік Асанбаев депутаттарға декларацияның әр бабын жеке-жеке талқылауды, алып-қосарлары болса, рет-ретімен ұсынуға шақырды...

Академик С.Зиманов алты сағат бойына табанынан тік тұрып, жеке өз басы артық-кемі жоқ 60 рет сөз алып, барлық қарсы пікірге сабырмен, салмақпен тиянақты жауап қайтарды. Депутаттар декларацияның алғашқы екі бабын ғана екі сағаттан астам уақыт ішінде әрең дегенде еңсеріп, 3-бапқа көшсе, талқылау төрт сағаттан асқан кезде депутаттар 8-бапқа енді ғана келіп жеткенін айтқан жөн.

Жоғарғы Кеңес декларацияны осылайша талқылауды жалғастырғанда академик, дәрігер-депу-

тат Мұхтар Әлиев сөз алып, баяндамашы Салық Зимановтың түске дейін екі жарым сағат бойына депутаттарға тікесінен тік тұрып жауап бергенін айтып, сондықтан майдангер-депутатқа ендігі жерде орнында отырып жалғастыруға мүрсат беру керектігін ұсынды.

Төраға қолдаса да, бұған дейінгі сұрақтарға депутаттардың алдында қасқая қарсы тұрып жауап берген, бұл кезде жасы 70-ке тура бір жыл қалған ер Махамбеттің ұрпағы тұрған орнынан тапжылған жоқ. Кейінгі әңгімелердің бірінде мен ұстазымды осы мәселе бойынша сырға тартқан едім. Сонда Салық аға: «Трибунада тұрған адам майдан даласындағы әрбір оқиғаны қалт жібермей бақылап тұрған командир сияқты. Залдағы 360 депутатты түгел менгеру үшін олардың пікірін ғана есту жеткіліксіз. Қай сөзді қандай жағдайда, қандай қимыл-қозғалыспен, қандай екпінмен айтқанын білу үшін оның қарсы алдында тұрғаның дұрыс. Трибунадағы адамның мысы басымдау болады. Сол үшін талқылау қаншаға созылса да, тік тұрып жауап беруге бекем болып келдім», деп ағынан жарылған болатын.

• **Сонымен, 1990 жылдың 25 қазанында он екінші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің талқылауға қатысқан 360 депутаттың 71-інің қарсы дауыс берсе де, Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларациясы қабылданды.**

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ұлттық мереке – Республика күніне орай Ақорда-

да өткен салтанатты жиында: «Егемендік декларациясы – тәуекел мен дипломатияның, ақыл мен сабырдың жемісі. Осы тарихи құжаттың әсері көп ұзамай байқала бастады. Біз қоғамның іргетасын жаңартып, жаңа белестерге ұмтылды. Қазақстан қиын өткелден өтіп, іргелі ел болуға бағыт ұстады», – деп декларацияның тәуелсіз Қазақстан тарихында алар орны мен мән-мағынасына аса зор баға берді.

Осы тұста аталмыш комиссия құрамында қызмет істеген депутат, жаңа замандағы қазақ философия ғылымының патриархы, академик Жабайхан Әбділдин ағамыздың: «Салық Зиманов Мемлекеттің егемендігі туралы декларацияның жасалуы мен қабылдануының қайнар бастауында тұрды. Оның принципшілдігі әрдайым ержүректілікпен ұшта-сушы еді. Ол ойындағысын ешқашан ірікпейтін. Ірі оқымысты, адал азамат ретінде депутаттардың сапалы заңдар қабылдауына кепіл бола білді. Аса көрнекті ғалым әрі мемлекетшіл тұлға, академик Салық Зимановтың есімін Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов сияқты ұлы адамдар қатарына қосуға әбден болады», деген пікірін біз де толық қуаттаймыз».

• **Иә, Республика күні – ұлтымыздың ұлық мерекесі ғана емес, Президентіміз ұсынған Әділетті Қазақстанның берік бастауы. Ал оның қайнарында Егемендік декларациясы тұрғанын барша қазақстандық әрқашан жүрек төрінде сақтауы керек.**

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: «Egemen Qazaqstan»).



БРИФИНГ

ҚАЙСАРЛЫҚ
құтқарушыларға
тән мінез

Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған баспасөз конференциясында отандық құтқарушылар Ауғанстандағы жер сілкінісінің зардаптарын жоюға қалай көмектескені туралы айтып берді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазақстандық құтқарушылар қазан айының басында жойқын жер сілкінісі болған Ауғанстанның Герат провинциясындағы гуманитарлық миссиясын аяқтап, елге оралды. Біздің еліміз Ауғанстан тұрғындарына көмектесу үшін құтқарушыларын жіберген алғашқылардың бірі болды. Бүгінгі күн батырлары іссапар барысы туралы кеңірек айтып берді. Айта кетейік, бұл – республикалық жедел құтқару жасағының өкілдерінің екінші рет осындай жағдайда көмекке баруы. Түркияда болған жер сілкінісі кезінде де біздің құтқарушылар бірден оқиға орнына аттанған болатын.

ТЖМ деректері бойынша, Алматыдан миссияға барлығы 45 адам барған, олардың қатарында құтқарушылар, РЖҚЖ кинология мамандары, ҚР ТЖМ Апаттар медицинасы орталығының дәрігерлері мен фельдшерлері аттанды. Бұл іссапарда құтқарушыларымен бірге үйінділер арасында үш қызметтік ит жұмыс істеді.



– 10 қазанда біз Герат провинциясына жеттік. Біз өзімізбен бірге толық жабдықталған КамАЗ, газель және УАЗ көліктері мен халықаралық стандарттарға сай, автономды режимде өмір сүре алатындай құрғақ ас, су қоры мен шатырлар алдық. Әуежайға келгеннен кейін бізді жергілікті билік қарсы алып, күрделі учаскелердің бірі болған Наброфи елдімекеніне бөлді. Онда 700-ден астам үй болған және олардың барлығы қираған. Бізге шатырлар тігіліп, медициналық пункт орнатылды, – деді ҚР ТЖМ Алматы қаласы бойынша РЖҚЖ басшысы, халықаралық деңгейдегі құтқарушы Владимир Цой.

Қазақстандық құтқарушылар көзбен көргендерін сипаттай отырып, Владимир Цой бұл кісілерді таңқалдырған жайттарға да тоқталды. Оның айтуынша, бір қарағанда құм арасынан табылмай қалатындай көрінетін сабан үйлер керісінше жүздеген адамның панасына айналған. Құтқарушыларға бұл орындарда арнайы техниканың қолданудың қажеті де болмаған. Себебі ол бетон құрылыстарға арналған. Сондықтан жасақ апаттан опат болғандардың денелерін қолмен шығарып, аман қалғандарын іздеді.

11 қазанда құтқарушылар 6,3 баллдық афтершоқты сезген. Жағдайдың күрделілігіне қарамастан, құтқарушылар орналасқан орындарынан 10 шақырым жердегі Вояки мен Сияхатба қыстауларында құтқару жұмыстарын жалғастырды. Бұл жерде де елдімекеннің бәрі киранды астында қалған, тек зардап шеккендер болмаған, өйткені алғашқы жер сілкінісінен кейін жергілікті тұрғындар үйлерін тастап, көшеге шатырларға көшкен. Онда қазақстандық құтқарушылар зардап шеккен 10 адамға көмек көрсетті, олардың арасында әйелдер мен балалар да болды. Ал келесі күні таңертең олар бастапқыда келген орнына оралып, ол жерде 5 жасар баланы үйінділердің астынан шығарып алған. Сонымен қатар, біздің құтқарушылар зардап шеккендерді іздеу үшін тағы 9 елдімекенді аралады. Ауған тұрғындарының шатырларын құлатып кететін шанды дауыл да жұмысты қиындатты.



ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НАУҚАН

Сенбілікке 34 мыңнан астам алматылық қатысты

Эко-белсенділердің бастамасымен Алматыда «Жаңа Қазақстан. Таза табиғат» атты жалпықалалық сенбілік өтті. Алматы қаласы мәслихатының депутаттары мен экобелсенділер бастамашы болған науқан Республика күнін тойлауға орай ұйымдастырылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Сенбілік барысында демалыс аймақтары, саябақтар, скверлер, аула аумақтары тазартылды. 5 мың текше метрге жуық қоқыс жиналып, 9 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Экологиялық науқанға 34 мыңнан астам қала тұрғыны қатысып, 239 техника жұмылдырылды.

Негізгі іс-шаралар «Көк-төбе» тауының баурайында, АЛА саябағында, Алматы индустриялық аймағы мен «Батыс» зиратының санитарлық-қорғау аймағы арасындағы учаскеде және «Көкқайнар» ықшамауданындағы Боралдай өзенінің жағасында өтті. Алматы әкімдігі көшет егу мен тазалауға қажетті құрал-жабдықтар ұсынып, науқан қатысушыларын ауызсумен және тамақпен қамтамасыз етіп, жиналған қоқысты полигонға шығарды.

Жалпықалалық науқанға аудан әкімдіктері де атсалысты, олар өз аумақтарында коммуналдық қызметтермен бірігіп, Түркісіб ауданында УАА бойындағы Баум тоғайында, «Жас қанат» ықшамауданында, Жетісу ауданындағы «Айнабұлақ-4» ықшамауданында, Медеу ауданындағы «Көк-төбе» баурайында, Алматы ауданындағы Сайран көлінің шығыс жағалауында, Әуезов ауданында Сайран көлінің батыс жағалауында, Алатау ауданында Боралдай өзенінің жағасында, Бостандық ауданында «Достық» саябағының аумағында, Наурызбай ауданындағы «Шұғыла» ықшамауданында сенбілік өткізді.

Қаланы қоқыстан тазартуға шаһардың ластануына бей-жай қарамайтын түрлі жастағы тұрғындар атсалысты. Экобелсенді-

лер, студенттер және өзге де тұрғындармен бірге зейнеткерлер де сенбілікке қатысты.

Сенбіліктен аудан әкімдері де қалыс қалмады. Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков қала экологиясын жақсартуға әркім үлес қосу үшін тұрғындар арасында экологиялық бастамаларды дамытудың маңызын атап өтті.

«АЛА саябағына 300 терек отырғызамыз. Биылғы күзгі кезеңде 150 мыңнан астам ағаш отырғызылып, әр ықшамауданда 1000 көшет егіледі. Біз АЛА саябағында тамшылатып суаруды қолданған бірінші ауданбыз, бұл ағаш тамырын қоректендіруге мүмкіндік береді. Жергілікті сенбіліктер апта сайын өткізіледі», – деді Азамат Қалдыбеков.

Сенбілік аясында белсенділер қоқысты сұрыптап, пластик, шыны және қаңылтыр бөтелкелер, қағаз, темірді қайта өңдеуге арналған бөлек қаптарға жинады.

«Бүгін ауа райы да қарасып тұр, қоқысты жинауға, сұрыптауға көмектескен студенттерге ризамыз. Солардың арқасында біраз аумақты тазарттық. Өкінішке қарай, көбінде қоқысты далаға тастамай, жинап жүру, сұрыптап тастау сынды бұқаралық мәдениет жоқ», – деді «Жасыл Алматы» жобалық кеңсесінің басшысы Евгений Мұхамеджанов.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалия ТОКСЕЙПОВА,
Алматы қаласы Туризм
басқармасының басшысы:

– Еліміз үшін маңызды мемлекеттік мереке қарсаңында біздің басқарманың да қызметкерлері қолына қажетті құрал-саймандарын алып, сенбілікке шықты. Ағаш отырғызып, қоқысты жинауға басқармадан 15 қызметкер келді. Менің ойымша, қаланың әрбір тұрғыны осындай экологиялық іс-шараларға белсенділік танытуы керек.

«Сенбіліктер қажет пе?» деген сұраққа эко-белсенді мұндай іс-шара бүкіл әлемде қолданылады деп жауап берді. Мысалы, Эстонияда басталған «Жер Күні» акциясына қазір әлемнің 180 елі қатысады.

Барлығы 9 мыңнан астам көшет отырғызылды. Алматылық Сәуле Шылымованың айтуынша, сенбілікке студенттермен бірге қатысу – қала үшін маңызды.

«Мемлекеттік жастар саясатын дамыту қорында жұмыс істеймін. Қаламыздың гүлденуі үшін жасөспірімдермен бірге ағаш отырғызуга келдім. Бұрынғыдай жасыл желектің көп болғанын қалаймын. Біздегі өлкетану факультетінде де ағаш отырғызып, экологиялық сенбіліктер өтіп тұрады», – деді Сәуле Шылымова.

Сенбілік өткен аймақтарда мәдени ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды.

«Әкімдікпен бірлесіп, барлық ауданнан локация таңдадық. Біздің міндетіміз мерекелік атмосфера жасау. Экология – сенбілік қана емес, оған дұрыс көзқарас қалыптастырумыз керек: тазалаумен қатар, әлемге пайда әкелетінімізді түсінуіміз керек», – деді «KazEcoPatrol» КБ мемлекеттік органдармен байланыс департаментінің директоры Әділ Нұрпейісов.

«Әр апта сайын сенбіліктер өткіземіз. Тұрғындар қала орталығындағы науқанға қатысады. Кейде сенбілікке шетелдіктер келеді. Жыл басынан бері 30-дан астам экологиялық науқан өткізілді. Жыл соңына дейін Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының мәлімдеуінше, 236 мың ағаш отырғызу жоспарланып отыр», – деді Әділ Нұрпейісов.

Сенбілік өткен аймақтардың бірі – «Көкқайнар» ықшамауданындағы Боралдай өзенінің жағасы. Ұйымдастырушылардың айтуынша, қазір бұл жерде жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондықтан өзен жағасын жиі тазалап тұру керек.

Іс-шара өтетін барлық аумақта концерт пен 15 минуттық жаттығу сияқты мәдени ойын-сауық бағдарламалары қарастырылған.

«Сенбілік ұйымдастырып, тазарту жұмыстарына мән беруіміз аса маңызды. Боралдай өзенінің жағасын тазартып, ағаш отырғызуга 4 басқарманың қызметкерлері жиналды. 100 түп ағашы отырғылады. Олардың 50-і шырша, 30-ы үйеңкі, қалғаны – алма ағаштары», – деді Алматы қаласы Жайлы қалалық орта басқармасы бөлімінің басшысы Ернар Букешов.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



КОНЦЕРТ

МЕЙРАМ ЖӘНЕ МАРАПАТ



Досбол
АТАЖАН

Ұлттық мерекеге орай ұйымдастырылған концертке қала тұрғындары мен қонақтары қатысты. Концерт басталмай тұрып, Алматы қаласы Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин шаһардың дамуына үлес қосқан көпжылдық еңбек өтілі бар қызметкерлерді арнайы грамоталармен марапаттады. Салтанатты рәсім аяқталғаннан кейін келген қонақтарға әннен шашу шашылып, арнайы шақырылған әртістер өнер көрсетті.

– Бүгін ұлттық мерекеміз – Республика күнін атап өтудеміз. Бұл біздің халқымызға маңызды мейрам. Осы себепті, филармония қабырғасында аудан тұрғындары мен қонақтарына арналған концерт өтіп жатыр. Алматыда көптеген ұлттар тату-тәтті тұрады. Сондықтан осы концертте корей, ұйғыр, орыс, татар және өзге де ұлттардың ансамбльдер өнер көрсетеді. Сондай-ақ, 30 жылдан астам қызметте жүріп, мемлекетіміздің, оның ішінде Алматы мен Медеу ауданының дамуына үлес қосқан тұлғаларға аудан әкімінің құрмет грамотасы табыс-талады, – деді Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нұрлыбаев.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясында Республика күніне арналған мерекелік концерт өтті.

2023 жылы 29 қазанда
Сабрайым Жеңісбек
Бағыбайұлы депутат болады,
дауыс берсеңіз ғана!

Сабрайым
Жеңісбек
Бағыбайұлы

ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТ
ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ

✓ МЕНІҢ БАСТЫ
МІНДЕТІМ – МАҒАН
ҮМІТ АРТҚАН
САЙЛАУШЫЛАРЫМНЫҢ
НАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІН
ШЕШУ.

✓ ТЕК ӨЗІМІЗ ҒАНА
ЕРТЕҢГІ КҮНІМІЗДІҢ
ҚАНДАЙ БОЛАТЫНЫН
ШЕШЕМІЗ!



АЛМАТЫ!
1. АУА БАССЕЙНІНІ ТАЗАРТАМЫН.
2. АҒАШТАР МЕН ҚОРШАҒАН ЖАСЫЛ ОРТАНЫ КӨҒАЛДАНДЫРУҒА
АТСАЛЫСАМЫН.
3. ЖАПОНДЫҚ БИОТЕХНОЛОГИЯ БИЗНЕС-ИНКУБАТОРЫ ЖАҢА ЖҰМЫС
ОРЫНДАРЫН АШУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ (КӨЛІК ТҮРАҒЫН ШЕШУ).
Республикалық бюджет қаражатынан төленді.

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»



Суретті түсірген Наталья ГЛУШАЕВА.

«ҰЛТ МЕРЕКЕСІ – РЕСПУБЛИКА КҮНІ»

Алматыда 25 қазан – Республика күніне орай «Ұлт мерекесі – Республика күні» атты мерекелік іс-шара өтті. Іс-шараны Алматы қаласындағы республикалық Достық үйі, әзербайжан «ATA YORD NOMAD» және «Ахыска» түрік этномәдени орталықтарымен бірлесіп ұйымдастырды. Мерекелік жиын «дөңгелек үстелмен» басталып, концерттік бағдарламаға ұласты.



Пердехан
ШӘМШИЕВ

«Дөңгелек үстелге», одан кейінгі концерттік бағдарламаға Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, этномәдени бірлестіктердің төрағалары мен жастар қанаты және шығармашылық ұжымдары қатысты. Іс-шараның басты мақсаты – Республика күнінің еліміздің тарихындағы маңыздылығын көрсету.

Алматы қаласы Республикалық Достық үйінің қызметін қамтамасыз ету басқармасының жетекшісі Н.Алтекова Республика күнінің ұлттық маңызына ие мереке екеніне тоқталып өтті. Сонымен қатар, «Егемендік декларациясының» қабылдануына атсалысқан Жоғарғы Кеңес депутаттарының ерлігін сөзге тиек етті.

«Ахыска» түрік этномәдени орталығының басшысы З.Касанов жиналған қауымды елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты бағалай білуге шақырды. Оның сөзінше көптеген этносты бір шаңырақ астында біріктірген Қазақстан бәріміздің ортақ үйіміз.

«Дөңгелек үстелден» соң концерттік бағдарлама аясында еліміздің өсіп-өркендеуіне және дамуына қосқан үлестері үшін еңбек адамдары марапатталды. Бұл біздің қарапайым азаматтарымыз. Олар адал еңбегі арқылы елімізді алға жетелейді.

ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ

«АРДАГЕРЛЕР – АРДАҒЫМ!»

Алматыдағы Ұлттық кітапханада «Ардагерлер – ардағым!» атты гала-концерт өтті. Республика күніне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шараны Бостандық ауданы әкімінің аппараты, Бостандық ауданы ардагерлерінің аудандық кеңесі және Халықаралық «Бозторғай» қоғамдық қоры ұйымдастырды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Зейнетке шыққаннан кейін көбі немере бағып, алаңсыз демалады. Ал кейбірі осындай мерекелік жиындар арқылы шығармашылық қабілетін одан әрі дамытып, қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Ардагерлердің арасында дарындылар өте көп. Өнерін көрсетіп,



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

айтулы мерекеге атсалыссын деген ниетпен осы концертті ұйымдастырдық. Бұған дейін әр мекемеде, мектептер мен ұйымдарда аудан ардагерлерінің байқауын өткіздік. Содан іріктелген өнерпаздар бүгінгі концерт-

те өнер көрсетті. Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен өтетін осындай мерекелік жиындарды дәстүрге айналдыру жоспарда бар», – деді Бостандық ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Асен Сүлейманқызы.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ»

«МЕН ЕЛІМЕ НЕ БЕРДІМ, ЕЛІМ МАҒАН НЕ БЕРДІ?»

тақырыбында рухани-танымдық кездесу өтті

Республика күніне орай, Алатау мен Наурызбай аудандарындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында «Мен еліме не бердім, елім маған не берді?» тақырыбында PhD докторы, ақын, Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының, Халықаралық айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одағының мүшесі Ержан Жұмабекұлы мен PhD докторы Қуаныш Жұмабекұлы мектеп шәкірттерімен рухани-танымдық кездесу ұйымдастырылды.



Айнабай
МӘДІ

Бір айта кетерлігі, бұл қос азамат – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары. Мәдени-танымдық іс-шараның мақсаты – оқушыларды отансүйгіштікке баулу, жетістікке жету жолында балалардың шабытын шарықтату. Жастарға үлгі боларлық екі



азамат шәкірттер алдында егемендік ұғымының аясында тебірене сөз сөйлеп, жыр оқыды. Ол рас, егемендік – ата-балаларымыздың орындалған арманы, тағдырдың сыйы болса, жас буынның қиялына қанат бітіру деген осы емес пе? 1990 жылы 25 қазанда еліміздің егемендігі туралы декларация қабылдануы – әлбетте, бұл батыл саяси бастама ғана емес, еліміздің тәуелсіздігі жолындағы қарышты қадам. Мемлекет бас-

шысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек», – деген болатын.


«Мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да – азаматтар. Бұл күн – ұрпақ санасында отансүйгіштік қасиетті, елдік рух пен ұлттық ұстанымды бекемдей түсетін маңызды күн. Біз тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, мемлекеттігімізді нығайта береміз. Сондықтан әр адам ең алдымен өзінен бастау керек. Өйткені, өзгеріс өзімізден басталады. Оқушылар мына кездесуден керемет әсер алды», – дейді шығармашылық орталығының тәлімгерлері.

Республика күніне «Мен еліме не бердім, елім маған не берді?» тақырыбының бұл жолғы қос қонағы да осал жігіттер емес. Шығысқазақстандық Ержан Жұмабекұлы мен Қуаныш Жұмабекұлының бірі – ақын, аймақтық «Жігіт сұлтаны» байқауының бас жүлдегері, Ұржар ауданының Құрметті азаматы болса, екіншісі PhD докторы, талантты жас. Екеуі де еліміздегі ең мықты жобаның жеңімпазы.



ЕҢБЕК АДАМЫ

«Сөз өнері дертпен тең». Әдебиет ісін арға балаған адам үшін бұл – жай ғана нақыл емес, салмағы ауыр жүк. Әсіресе, бір ғана ұлтқа емес, көршілес, еншілес бірнеше халыққа, тұтас ұлысқа қызмет студі көксеген қаламгер үшін ол – үлкен жауапкершілік. Ахметжан АШИРИ осы мәртебелі міндетті абыроймен атқарып, әдебиет майданында жарты ғасырдан астам уақыт бойы жанын жалау, қаламын қару етіп келе жатқан жанкештінің бірі, ұйғыр халқының белгілі жазушысы, Халықаралық «Алаш», «Қорқыт ата» әдеби сыйлықтарының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, драматургиялық шығармаларымен, кесек-кесек роман, повестерімен кеңінен танылған қаламгер.



Ахметжан АШИРИ:

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУ –
МЕНІҢ ҮЛКЕН БАҚЫТЫМ

Ел-жұртқа, ең алдымен, қаламгер ретінде танымал тұлғаның көптеген шығармалары бүгінде ұлт аясынан шығып, бүкіләдамзаттық асыл мұраға айналды, әлемдік ақыл-ой, зияткерлік қазына қорына айрықша үлес болып қосылды. Ал соған дейінгі тауқыметті тағдыр, қилы заман, сүрлеусіз соқпақ бүгінде 85-тің сеңгірін бағындырған томаршадай қарт кеудесінің күйсандығында сайрап тұр. «Меніңше, мұңсыз адам суреткер бола алмайды. Көрген, білген, естіген нәрселерім, бастан кешіргендерім мені көп ойға салды. Ойдан, сезімнен, қиялданудан еш құтыла алмадым», – дейді өзі.

Мұң демекші, қайғы-қасіреттің алғашқы дәмін оған соғыс татқызды. Әкесі екі аяғынан бірдей ауыр жарақат алып оралды, ал туған ағасы Украина майданында жүріп хабар-ошарсыз кетті.

Бала көңіліне суық дық салған одан кейінгі жағдай – туып-өскен Шарбағы «келешегі жоқ ауыл» ретінде жабылып, тұрғындардың маңайдағы елдімекендерге көшірілуі еді. «Көштің соңында біздің отбасымыз да болды. Екі есек арбаға кәуелерді тиедік. Ат арбаға қазан-шөміш, дутар, көнетоз киіз, соғыстан қайтпай қалған ағамның киімдерін салып алдық. Жейдемді шешіп, оған туған жерімнің топырағын орап алдым», – деп, сол топырақты кейін Малыбайда қайтыс болған әке-шешесінің, әпкесі мен ағасының зиратына сепкенін қаламгер әлі күнге толқымай айта алмайды. «Біз сол барғаннан Малыбайда үйден үйге бес рет көштік, – дейді Ахметжан аға. – Әкем қоныстанған жерінің бәріне ағаш егетін. Бірде алма, өрік, шабдалы сияқты жемістердің көшеттерін әкелді. Сөйтіп: «Сен құрек ал, сен кетпен ұста, сен шұңқыр қаз, сен су алып кел» деп, үйдегі сегіз баланың әрқайсысына әрнәрсе тапсырды. Мен үйден балта алып шыққан едім, «Жоқ, сен балта ұстама. Қолыңа қағаз, қалам ал да, қанша көшет отырғызғанымызды жаз», – деді. Мен айтқанын істедім. Енді ойлап отырсам, қаламгерлік маған әкемнің ақ батасымен, ақ тілегімен дарыған сияқты болып көрінеді...».

Айтса-айтқандай, қағаз, қалам ақыры оның өмірлік серігіне айналды. Жүрген жерінде миуалы бақ өсірген дикан әкенің санасы сергек, көкірек көзі ояу ұлы ұяда көргенімен көш бастады. Сүйіспеншілікке, жан жылуына толы шынайы шығармаларымен мыңдаған, миллиондаған оқырманның жүрегіне адалдық, адамгершілік дәнін дарытып, өнер бағбаны ретінде танылды. Туған халқымен қатар, түбі бір түркінің тағдырын, арман-ойын, мақсат-мұратын «Идиқұт», «Жалғыз жалбыз», «Баурчук арт Текин», «Өлмес болып туғандар» тәрізді көптеген тұшымды туындыларға арқау етті. Солардың қатарында кіндік қаны тамған Шарбағынан күллі ел көтеріле көшкенде ескі қорымның шырақшысындай болып жұртта қалып қойған кейуана мен атақонысына деген ізет, сағыныш символындай болып, 50 жылдан соң өмірге келген «Нұр анасы» да бар. «Келешегі жоқ ауыл» дегенде, бір жайт есінен кетпейді. Айтуынша, жеті сыныпты тәмамдап, Түрген педучилищесіне оқуға түскен кезі екен. «Бірде «Сталин өлді» деп, мұғаліміміз сыныпқа ағыл-тегіл жылап, кіріп келді. Оған студенттер де қосылды. Мен жылаған жоқпын. Есіме Шарбақ пен ондағы жалғыз қалған Нұр ана түсті...». Туған жерге, елге деген перзенттік махаббат, қимастық, міне, осылай болса керек-ті.

Шарбақтан кейін орын тепкен Малыбай да өрісті, ырысты қоныс болғандығымен жанына жақын. Өткен ғасырдың соңғы онжылдығындағы «балапан басымен, тұрымтай тұсымен» болып кеткен алмағайып заманда Алматыдан кеткен Ахметжан ағаның он жыл бойы Малыбайда тұрақтап, жата-жастана «Идиқұтты» жазуға кіріскені де содан. Бір

жағынан, ағаның барғаны ауылдастары үшін үлкен абырой еді. Танымал тұлғаның өтімді сөзі, шешімді іс-әрекеті нәтижесінде ауылдың біраз жоғы түгенделіп, кем-кетігі толығып қалды. Дүниежүзілік қайырымдылық қоры адамдарының араласуымен жол, су, жарық мәселесі реттелді.

Жазуға отырғаннан бөлек, сол тұста Ахметжан аға 20 гектар жер алып, сол кезде бүкіл Шелек өңірінде өтімді болған темекі өсірумен де жұртты таңқалдырды. Сондай-ақ, жерге ие болып қалу мүмкіндігін қалайда жіберіп алуға болмайтынын айтып, жерлестеріне жөн сілтегені де өз уақытына сай, аса бағалы кеңес болды. Ең бастысы, ел ішінде өткен соншама жыл жеміссіз болған жоқ. Ақын Ғалым Жайлыбай айтпақшы, «ұлттық шеңбер аясынан шығып, әлемдік әдебиеттің ажырамас бөлігіне айналған, ұйғыр еліне ғана емес, әлем халқына рухани ләззат сыйлаған» шығарма жазылды. Бұл жөнінде: «Бес жүз беттік «Идиқұт» романымы бес рет көшіріп, жазып бітіргенде, қуанғанымнан қолжазбаны көтеріп, таң атпай үйден шығып кетіппін. Сол бойы әке-

АҒАДАН АҚ ТІЛЕК

• *«Менің тілейтінім – халқымыз мылтықтың даусын естімесе, қасиетті жеріміз бізге мәңгі бақи мирас болып қалса екен деймін.*

• *«Қазақстанда тұрып жатқан халықтардың барлығы бір-бірімен дос, туыс, мейірбан болса, мемлекетіміздің көркейіп, гүлдене түсуі үшін әркім аянбай еңбек етсе, одан артық бақыт жоқ.*

• *Ұлттық мерекеміз – Республика күні құтты болсын! Әр күніміз арайлы, болашағымыз нұрлы боларына сенемін.*

шешемнің зиратына, одан өзімнің егістік жеріме бардым. Жиде ағашының түбінде жападан-жалғыз отырып әбден жыладым», – деп еске алады. Бұл ұйғыр әдебиетінің зор жетістігі саналатын рухты шығарманың соңғы нүктесін қойғандағы қуаныштың көз жасы. Мүмкін, туған халқының тамыры тереңде жатқан шерлі тарихын, бұралаң жолға, бұрқасынға тап болған ауыр тағдырын ой елегінен өткізгендегі өкініш өксігі.

Қалай дегенмен де, ерен еңбек елеусіз қалған жоқ. Романға Қ.Мұхамеджанов, Қ.Ысқақ, С.Мұратбеков, Ш.Елеукенов, Д.Досжан, Ә.Тарази, М.Мағауин, Б.Нұржекеұлы сияқты қабырғалы қаламгерлер жоғары баға берді. Жалпы, қаламгер демекші, Ахметжан ағаны бұл жағынан да даралап тұратын жайттар жетерлік. Соның бірі – заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтен дәріс тыңдағаны болса, екіншіден, Әбіш Кекілбай, Оразакын Асқар, Қабдеш Жұмәділ, Шәрбану Құмарова, Марфуға Айтқожина сынды сөз зергерлерінің бірімен қатар оқыса, енді бірімен сыйлас, сырлас болып жақын араласқаны. Олардың қай-қайсысы да Ахметжан Аширидi кісілік қасиетi зор, елдіктің сөзін сөйлейтін, халықтың ой-арманын, мақсатын жеріне жеткізіп айта білетін хас шебер ретінде бағалаған. Бірегей жазушы Қалихан Ысқақтың сөзімен айтқанда,

«пендешілікке, ұсақшылдыққа ұрынып көрмеген, азаматтық, ұлтжандылық қасиеттері менмұндалап тұратын, қоғамдағы ащы шындықты именбей айта білетін» суреткер, қайраткер ретінде таныған. Пендешілік демекші, расымен де, өзі ондай дерттен ада Ахметжан ағаның қаламдастар арасындағы дау-дамайға арашашы болып, әділ көзқарасын айтудан тартынбайтыны, үзілгенді жалғап, шекіскенді бітістіруге ұмтылып тұратыны тағы бар. «Мейлі әркім әртүрлі жазсын, әртүрлі көзқараста болсын, бірақ ол тырнақ астынан кір іздеуге, жақыныңды жау тұтуға себеп болмауға тиіс. Өз басым қаламдас әріптестерімнің барлығын жақсы көремін», – дейді.

Ахметжан Аширидiң қайраткерлігі, өзімен бірге жасасып келе жатқан бауырлас халыққа деген адалдығы, ұлтжандылығы сынға түскен сәттер аз емес. Соның бірі – Желтоқсан оқиғасы. Әділдік, теңдік талап етіп алаңға шыққан жастардың бәрі «бұзақы», «нашақор», ал тұтас халық «шовинист», «ұлтшыл» атанып жатқан тұс. Жазушылар одағында Г.Колбиннің қатысуымен өткен Пленум да қаламгердің есінде. «Мен сонда Сафуан Шаймерденовтің Колбинге: «Сіз қазір менімен бірге көшеге шығыңызшы. Егер қазақ халқының арасынан «шовинист» біреуді көрсеніз, мен өзімді сол жерде бауыздаймын, міне, пышағым» деп жанынан пышағын суырып көрсеткенін өз көзіммен көрдім, өз құлағыммен естідім», – деп әңгімелейді ол сол жайтты. Айтуынша, сол жолы Колбин осы мәселеге байланысты

жазушылардың пікірін қорытып, хаттамасын Орталық Комитетке алып келуді тапсырған. Жазушылар одағы партия комитетінің хатшысы ретінде мұны ұйымдастыру Ахметжан ағаға жүктелген. Содан күллі қазақ ұлтына таңылған жаланы терістеген әріптестерінің қолы қойылған мәлімдемені Колбиннің қолына тікелей апарып тапсырып, көп ұзамай Орталықтың «шовинист», «ұлтшыл» деген айыптаулардың негізсіз екені айтылған шешім шығаруына да Ахметжан Аширидiң қатысы болғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді.

Кейіпкеріміз қазақ халқын, Қазақстан халқын жай халық деп есептемейді, иман нұрлы, инсани халық деп біледі. «Қазақ тілінде сөйлеу – менің үлкен бақытым... Жазушы-драматург, қоғам қайраткері Қалтай Мұхаметжановтың: «Түптеп келгенде, жылжымайтын мүлік, үй, машина – байлық емес. Нағыз қазына – тіл. Тілді жүрегіңе сақта. Оны адам сатып ала алмайды. Есінде болсын, өзге тілге ана тілің қосылғанда ғана ол сенің нағыз байлығың қазына болады», – деп, айтқаны жүрегімнен еш шықпайды. Қазақ тілінде мақалалар жазамын. Ой-пікірімді жеткіземін. Қазақ тілін ар-ожданыммен кастер тұтамын», – деген екен бір сұхбатында.

Айта берсе шеті әлі сөгілмеген шежіре көп. Әңгіме арасында Шерхан, Оралхан ағалар таспаланған бір суретке көзіміз түсті. Сондағы он-он бес тұлға бар топты адамның ішінен бүгінде жер басып жүргені Ахметжан аға ғана екен... «Мені Алла өзіммен рухтас, қаламдас осы жақсы-жайсаңның жақсылығын айта жүрсін, кешегі мен бүгінгінің арасына көпір болсын деп тірі қалдырған шығар», – дейді өзі толқи сөйлеп.

Жұмыс бөлмесінің қабырғасы кітап қойылған шкафпен сіресіп тұр. Біз кітапты қасиетті дүние, киелі рух санайтын қаламгердің күнде кешкісін оларды шетінен аялай сипайтынын, «ертең қолыма ала алмай қалатындай болсам, кешіріңдер» деп іштей бақұлдасатынын естідік. Жүрегіміз шым етті.

Өмірінің мәніне, тіршілігінің нәріне айналған сөз өнеріне, әдебиетке адалдықтың бұдан артық қандай көрінісі болуы мүмкін?.. Әлі де жазсам деген құнды дүниелері, ой-арманы көп қазыналы қаламгер Махмұд Қашқари, Юсуп Хас-Һажыптан кейінгі үлкен ғалым, Найман ханның алтын мөрін ұстаған, құрметіне бөленген Тататоно туралы тарихи роман жазуға кірісті. Түбі бір түркі халықтарына ортақ тұлға жайлы бұл еңбегі жемісті, қаламы желісті боларына күмән жоқ. «Мен жазушы ретінде достықтың, бауырластықтың қадірін жақсы білемін және сол асыл қасиеттерді ұлықтап, насихаттауға тырысамын. Шығармаларымда осы кең байтақ жерімізді мекен еткен барлық халықтардың образын жасауға ден қоямын. Бақыт деген жай ғана сөз емес, ол – тағдыр, ол – Отан. Сол Отанымыздың бүгінгі және болашағы үшін бәріміз жауаптымыз. Өз басым жаңа Қазақстанда тұрып жатқанымға қуанамын, оның бағыт-бағдарын, саясатын қолдап-қуаттап, жан-жүрегіммен жақсы шығармалар жазамын», – дейді Ахметжан аға.

Алла кейіпкерімізге ұзақ ғұмыр бергей!..



Роза РАҚЫМҚЫЗЫ.



IV АЗИЯ ПАРА ОЙЫНДАРЫ КҮНДЕЛІГІНЕН

Ханчжоу (ҚХР) қаласында IV Азия Пара ойындары (22–28 қазан) өтіп жатыр. Додада 22 спорт түрі бойынша 43 мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы сынға түседі.

Қазақстандық 131 спортшы жарыстың 14 түрінен бақ сынады. Ел қоржынына алғашқы жүлделер: екі алтын, екі күміс, үш қола түсті. Пара пауэрлифтер Давид Дегтярев (54 кг /187 кг) пен пара дзюдодан J2 санаты бойынша 48 келі салмақта өнер көрсеткен Ақмарал Науатбек алтыннан алқа тақты. Жаңыл Балтабаева пара каноэдан VL3 200 жекелей бағдарламасында қола жүлдегер атанды. Отандасымыз Бибарыс Спатай пара каноэдан 43.601 секунд нәтижесімен екінші орын алып, күміс жүлдеге қол жеткізді. Ал Максим Богатырев пара каноэдан 58.479 секунд көрсеткішімен қола медаль жеңіп алса, Тұрсынай Қабыл пауэрлифтингтен 41 кг салмақ бойынша сынға түсіп, Азия Пара ойындарында күміс жүлдені олжалады. 60 келі салмақ дәрежесіндегі белдесуде Әнуар Сариевтің кеудесіне қола медаль тағылды.

ТУРНИР

Қазақстан халқы Ассамблеясының кубогы

Алматының Жетісу ауданындағы «Құлагер» стадионында Республика күніне арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының кубогы үшін футболдан турнир өтті.

Аталмыш турнир Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесінің ұйымдастыруымен және Жетісу ауданы әкімінің аппараты, Алматы қаласы Жетісу және Түркісіб аудандарының «Аманат» партияларының аудандық филиалдарының қолдауымен өткізілді.

– Республика күніне орай шағын футболдан жарыс ұйымдастырып отырмыз. Бұл жерде барлығы 10 команда. Олардың қатарында №5 қалалық орталық клиникалық аурухана, №4 қалалық орталық клиникалық аурухана, №16 қалалық емхана ұжымдары, «Metall Prom Group» ЖШС, Алматы пайдалану локомотив депосының қызметкерлері және т.б. командалар бар. Турнир жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтар беріледі: 1-орынға 100 мың, 2-орынға 70 мың, 3-орынға 50 мың теңге. Президентіміздің бағдарымен жастарды ұйымдастырып, біріктіріп, бірауызды болып, мемлекетімізді биікке көтеруіміз керек. Сондықтан бұл турнир жастарды қолдау үшін де ұйымдастырылып отыр, – деді Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақал-

дар кеңесінің төраға орынбасары Болат Оспанов.

Күндегі күйбеленді бір сәт ұмытып, өз әріптестерімен бірге турнирге қатысқан әртүрлі мерекенің қызметкерлері жарыс ұйымдастырушыларына алғыс білдірді.

– Біз Жетісу бекеті, теміржолшылар атынан келіп тұрмыз. Командамызда 10 адам бар. Бұған дейін де жарыстарға қатысатынбыз, бұл жолы да жігіттер қуана-қуана келді. Республика күнінің үлкен маңызы бар. Осындай егеменді ел болып, өзіміздің Республика күнін атап өту – атабабаларымыздың байырғы арман еді деп ойлаймын. Төл мерекемізде футболдан жарыс өткізіп жатқан ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін, – деді қатысушылар атынан Абай Әмірқұлов.

Жарыс нәтижесі бойынша №4 қалалық орталық клиникалық аурухананың қызметкерлері турнир жеңімпазы атанды. Екінші орынға Алматы пайдалану локомотив депосының қызметкерлері, ал үшінші сатыға «Metall Prom Group» ЖШС командасы жайғасты.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ФУТБОЛ

«ОРДАБАСЫ» – ЕЛ ЧЕМПИОНЫ

Осы маусымдағы футболдан Қазақстан біріншілігінің жеңімпазы анықталды. Шымкент қаласының «Ордабасы» клубы өз тарихындағы алғашқы чемпиондық атаққа қол жеткізді.



Досбол
АТАЖАН

Турнир кестесінде ұпай саны бойынша өзге қарсыластарынан оқ бойы озық тұрған «Ордабасы» ойыншылары үшін ел чемпионатының 25-турында 1 ұпай алу жеткілікті болатын. Дегенмен, өз алаңында ойнаған шымкенттік команда «Шахтерға» қарсы ойында да тең нәтижені қанағат көрмей, тек жеңіске жетуді жоспарлағаны анық.

Бұл мақсат кездесудің басынан-ақ байқалды. Алғашқы минуттардағы «Ордабасының» өткір шабуылдарынан кейін Ұлттық құраманың басты қақпасы Игорь Шацкийдің қақпасына гол енді. 4 минутта Айбар Жақсылықов есеп ашты. Көп ұзамай шымкенттік команданың жартылай қорғаушысы Шохбоз Омаров (12 минут) есепті еселеді. «Ордабасы» ойыншылары мұнымен тоқтамай, кездесудің 27 минутында қайтарымсыз үшінші голды соқты. Бұл жолы соғылған доптың авторы Артем Беседин болды. Осы-



(«Ордабасы» ФК инстаграм парақшасынан алынды)

лайша командалар үзіліске 3:0 есебімен аттанды.

Екінші таймның басында қарағандылық «Шахтердің» футболшылары қайрат көрсетіп, Тимур Чогадзениң көмегімен қарымта 1 гол соға алды.

Дегенмен, қарағандылық команданың бұл нәтижелі шабуылынан кейін ойында есеп өзгермеді. Матч нәтижесі бойынша жеңіске жеткен «Ордабасы» командасы кезекті 3 ұпайды еншілеп, өз тарихында алғаш рет Қазақстан чемпионатының чемпионы атанды. Енді келер маусымда Шымкент қаласының командасы Чемпиондар Ли-

гасының іріктеу кезеңіне қатысатын болады.

Чемпиондық титул белгілі болғанымен, турнирлік кестедегі екінші орынның тағдыры әлі шешілмеді. 52 ұпаймен әзірге екінші тұрған «Астана» командасы шешуші 26-турда «Шахтер» алаңына қонаққа барады. Ал 49 ұпаймен үшінші келе жатқан «Ақтөбе» командасы өз алаңында «Жетісу» клубын қабылдайды.

Ал өткен турдың нәтижесі бойынша павлодарлық «Ақсуды» 4:1 есебімен жеңген алматылық «Қайрат» осы маусымдағы 4 орынға кепілдік алды.

БӘРЕКЕЛДІ!

ЖАРАЙСЫҢ, ИСМАИЛ!



Балалар спортының дамыту – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Бүгінде Алматының барлық ауданында жасөспірімдерге арналған спорт үйірмелері жұмыс істейді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыдағы №37 жалпы білім беретін мектептің 7 «б» сыныбында оқитын Серік Исмаил Батырбекұлы өз қатарластары арасында жақсы жетістіктерге жетіп жүрген оқушылардың бірі. Жас спортшы 2018 жылдан бастап Алматы қаласындағы «Roller BJJ Academy» мектебінде бразилиялық Джу-

джитсу спортымен айналысады. Төрт жылдың ішінде Исмаил сексенге жуық қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, өз салмақ дәрежесі бойынша жүлделі орындарға қол жеткізіп жүр. Тәжірибелі бапкерлерден тәлім алатын Исмаилдың бүгінге дейін жеткен жеңістері де көз қуантарлықтай.

Мәселен, ол 2019 жылы Ташкентте өткен Азия чемпионатында (AIGA Asia Open 2019 kids) – екі

күміс медаль алыпты. Сол жылы Алматыда өткен чемпионатта (AGS, 'KOKTEM OPEN': KIDS, brazilian jiu-jitsu (gi)) – алтын медальға, Қарағандыда ұйымдастырылған ашық республикалық турнирде (Ju-Jitsu Oralady 2021) – екі қола медальді кеудесіне тағып келген. Сол жылы Алматыда өткен қала чемпионатында да құралақан қайтқан жоқ. Онда да қанжығасы майланып, қола медаль алып қайтты.

Ақтөбеде өткен ашық қала чемпионатында жарқыратып екі алтын медаль иегері атанды. Ресейде, Мәскеуде өткен турнирде (Moscow Gymnasium Cup XX) – алтын медаль; 2021 жылы БАЭ, Абу-Дабиде өткен Әлем чемпионатында – қола медаль; 2022 жылы Өскеменде өткен республикалық турнирде – алтын медаль иегері атанған. Биыл Талдықорғанда өткен турнирде (Грэпплинг UWW) қола медаль иеленсе, Алматыда джиу-джитсудан қала чемпионатында күміс медаль жеңіп алды.

Исмаилдың талабы тауда. Бәріне үлгеруге тырысады. Сабақты жақсы оқып қана қоймай, спортпен де айналысуға да уақыт табады. Ал ата-анасы алдағы уақытта ұлдары мемлекеттік және халықаралық деңгейде үлкен дәрежеге жететін спорт шебері болады деп үміт артып отыр.

Біз Исмаилдай жасөспірімдердің қазақ елінің абыройын асқартатып, аталмыш спорт түрінің дамуына үлес қосатын мықты спортшы болатынына сенімдіміз. Болашағы зор спортшының жемісті де, жеңісті күндері көп болсын деп тілейміз.

ALMATY CYBER GAMES



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСЫЕВ.

КИБЕРСПОРТ ҚАРҚЫН АЛЫП КЕЛЕДІ

Алматыда 20 қазан күні Shera Inn Hotel TK Royal қонақ үйінде ACG International киберспорт бойынша халықаралық турнирге қатысушылардың, сонымен қатар, Өзбекстаннан келген халықаралық әріптестердің, қазақстандық киберспорт аңыздарының және Қазақстанның жетекші киберспорт ұйымы CS-Avanga қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.



Ернұр
РЫСБАЙ

Цифрландыру басқармасының алға қойған басты міндеттерінің бірі – Алматы киберспорт нарығына шетелдік инвесторларды әкелу. Нақтырақ айтсақ, Алматыда ойын индустриясына 10-ға жуық халықаралық технологиялық компания тарту. Басқарманың үлкен арманы – Алматыны Орталық Азиядағы киберспорт индустриясының көшбасшысы және орталығы ету.

Almaty Cyber Games – цифрлық инфраструктура мен білім саласын дамытуды көздейтін жоба әрі заманауи IT-алыптары мен технологиялық компаниялардың құру болып табылады. Осы орайда Алматы цифрландыру басқармасының бас маманы Ерасыл Жәнісов өз ойымен бөлісті.

– Алдағы 3 жылда Алматы қаласын киберспорттың орталық ала-

ңына айналдырамыз. Жоба аясында 15 іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Сонымен қатар, киберспортқа қызығушыларға арнайы техникалық оқу орындарында білім алуға мүмкіндік беріледі. iPlay Esports ұйымдастыруымен осыған дейін де жоғары деңгейдегі турнирлер жасаған болатынбыз. Алдағы уақытта қазақстандық командаларды шетелдік аренаға шығаруды көздеп отырмыз, – деді Ерасыл Жәнісов.

ACG International киберспорт бойынша халықаралық турнир SADU Arena алаңында өтеді, онда Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген Орталық Азияның ең мықты кибератлеттері CS:GO, Dota 2 және FIFA 23 түрі бойынша турнирдің жүлде қоры үшін сайысады. Жүлде қоры 6 млн теңге. Іс-шара Алматы қаласы әкімдігі Цифрландыру басқармасының қолдауымен өткізілді.

ШЕШІМ

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2023 жылғы 23 қазандағы №2 шешімі.
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тйлімінде
2023 жылғы 23 қазандағы №1745 болып тіркелген.

Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**ШЕШТІМ:**

1. Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің 2019 жылғы 15 қазандағы №2 «Алматы қаласы Алатау ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1591 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген шешімнің қосымшасындағы №7, 12, 13, 21, 27, 33, 34, 35, 36, 487, 524, 529, 530, 531, 534, 546, 548, 549, 572, 614, 621 сайлау учаскелерінің шекаралары осы шешімнің №1 қосымшасына сәйкес өзгертілсін;

2) көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің №2 қосымшасына сәйкес жаңадан ашылған №634, 635, 636, 637, 638, 639 сайлау учаскелерімен толықтырылсын.

2. «Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Алматы қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жариялағаннан кейін Алматы қаласы Алатау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Алатау ауданы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі**А.ҚАЛДЫБЕКОВ****«КЕЛІСІЛДІ»**

Алматы қаласының
аумақтық сайлау комиссиясы

Шешімге
№1 қосымша

Алматы қаласы
Алатау ауданы әкімінің
2019 жылғы 15 қазандағы
№2 шешіміне

№7 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Айгерім-1» шағынауданы, Бенберина көшесі, 52, «№149 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Айгерім-1» шағынауданының Сағи Әшімов көшесі мен «Айгерім-1» шағынауданының Алматы көшесінің қиылысынан оңтүстік-батыс бағытта Сағи Әшімов көшесімен «Айгерім-1» шағынауданы Сағи Әшімов көшесіндегі №171/1-ші үйге дейін, «Айгерім-1» шағынауданы Сағи Әшімов көшесіндегі №171/1 үйден солтүстік бағытта «Айгерім-1» шағынауданындағы Нәби көшесіне дейін, «Айгерім-1» шағынауданындағы Нәби көшесімен батыс бағытта «Айгерім-1» шағынауданының Байтенов көшесіне дейін, «Айгерім-1» шағынауданының Байтенов көшесімен солтүстік бағытта «Айгерім-2» шағынауданының Үлкен көшесіне дейін, «Айгерім-2» шағынауданының Үлкен көшесімен шығыс бағытта «Айгерім-2» шағынауданының Мамытов көшесіне дейін, «Айгерім-2» шағынауданының Мамытов көшесімен оңтүстік бағытта «Айгерім-1» шағынауданының Назар көшесіне дейін, «Айгерім-1» шағынауданының Назар көшесімен шығыс бағытта «Айгерім-1» шағынауданының Молдагулова көшесіне дейін, «Айгерім-1» шағынауданының Молдагулова көшесімен солтүстік бағытта «Айгерім-1» шағынауданының Майлин көшесіне дейін, «Айгерім-1» шағынауданының Майлин көшесімен шығыс бағытта «Айгерім-1» шағынауданының Бенберин көшесіне дейін, «Айгерім-1» шағынауданының Бенберин көшесіндегі №83-ші үйден шығыс бағытта «Айгерім-1» шағынауданының Сағи Әшімов көшесіне дейін, «Айгерім-1» шағынауданы Сағи Әшімов көшесімен оңтүстік бағытта «Айгерім-1» шағынауданындағы Наберекшая көшесіне дейін, «Айгерім-1» шағынауданындағы Наберекшая көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта Самғау шағынауданының Ырсты көшесіндегі №17-ші үйге дейін, Самғау шағынауданының Ырсты көшесіндегі №17-ші үйден батыс бағытта «Айгерім-1» шағынауданының Телпичная көшесіндегі №4-ші үйге дейін, Телпичная көшесіндегі №4-ші үйден оңтүстік-батыс бағытта «Айгерім-1» шағынауданының Сағи Әшімов және Алматы көшелерінің қиылысына дейін.

№12 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Өжет» шағынауданы, Өуезов көшесі, 48, «№156 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Өжет» шағынауданының Хасен Оралтай көшесіндегі №78-ші үйден шығыс бағытта «Өжет» шағынауданының Токатаев көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Токатаев көшесімен солтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Шарын көшесіндегі №23-ші үйге дейін, «Өжет» шағынауданының Шарын көшесімен солтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Шарын көшесіндегі №44-ші үйден шығыс бағытта Шарын жолалғымен «Өжет» шағынауданының Қошқараев көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Қошқараев көшесімен солтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Қожаберген жырау көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Қожаберген жырау көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта «Өжет» шағынауданының Қожаберген жырау көшесіндегі №51-ші үйге дейін, «Өжет» шағынауданының Қожаберген жырау көшесіндегі №51-ші үйден солтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Қожаберген жырау жолалғымен «Өжет» шағынауданының Балтық би көшесінің қиылысына дейін, осы қиылыстан оңтүстік-шығыс бағытта «Өжет» және Қарасу шағынаудандардың шекараларымен Солтүстік айналым көшесіне дейін, Солтүстік айналым көшесімен оңтүстік-батыс бағытта Солтүстік айналым көшесіндегі №348 үйге дейін, Солтүстік айналым көшесіндегі №348 үйден батыс бағытта «Өжет» шағынауданының Тауасаров көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Тауасаров көшесімен оңтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Токатаев көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Токатаев көшесімен батыс бағытта «Өжет» шағынауданының Новая көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Новая көшесімен оңтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Новая көшесіндегі №19-шы үйге дейін, «Өжет» шағынауданының Новая көшесіндегі №19-шы үйден батыс бағытта «Өжет» шағынауданының Хасен Оралтай көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Хасен Оралтай көшесімен солтүстік бағытта Хасен Оралтай көшесіндегі №78-ші үйге дейін.

№13 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Өжет» шағынауданы, Өуезов көшесі, 48, «№156 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Өжет» шағынауданының Хасен Оралтай көшесіндегі №78-ші үйден солтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Хасен Оралтай көшесімен «Өжет» шағынауданының Сәдуақасов көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Сәдуақасов көшесімен батыс бағытта «Өжет» шағынауданының Өуезов көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Өуезов көшесімен солтүстік бағытта қала шекарасына дейін, қала шекарасымен «Гнищевод» бая-бақша қоғамының оңтүстік шекарасына дейін, «Гнищевод» бая-бақша қоғамының оңтүстік шекарасымен оңтүстік бағытта Есентай өзеніне дейін, Есентай өзенінің арасымен оңтүстік-шығыс бағытта «Өжет» шағынауданының Үкілі Ыбырай көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Үкілі Ыбырай көшесімен шығыс бағытта «Өжет» шағынауданының Сүмбіле көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Сүмбіле көшесімен солтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Қожаберген жырау көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Қожаберген жырау көшесімен шығыс бағытта «Өжет» шағынауданының Қошқараев көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Қошқараев көшесімен оңтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Шарын жолалғына дейін, «Өжет» шағынауданының Шарын жолалғымен батыс бағытта «Өжет» шағынауданының Шарын көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Шарын көшесімен оңтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Шарын көшесіндегі №23-ші үйге дейін, «Өжет» шағынауданының Шарын көшесіндегі №23-ші үйден батыс бағытта «Өжет» шағынауданының Токатаев көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Токатаев көшесімен оңтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Токатаев көшесіндегі №38Б үйге дейін, «Өжет» шағынауданының Токатаев көшесіндегі №38Б үйден батыс бағытта «Өжет» шағынауданының Хасен Оралтай көшесіндегі №78-ші үйге дейін.

№21 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шаңырақ-1» шағынауданы, Өтемісұлы көшесі, 109, «№169 мектеп-лицей» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: Қарасу-5 өзені мен «Шаңырақ-2» шағынауданындағы №58 үйдін қиылысынан шығыс бағытта «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Орбұлақ көшесіне дейін, «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Орбұлақ көшесімен солтүстік бағытта «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Орбұлақ көшесіндегі №52-ші үйге дейін, «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Орбұлақ көшесіндегі №52-ші үйден шығыс бағытта «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Өтемісұлы көшесіне дейін, «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Өтемісұлы көшесімен оңтүстік бағытта «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Өтемісұлы көшесіндегі №175-ші үйге дейін, «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Өтемісұлы көшесіндегі №175-ші үйден шығыс бағытта Үлкен Алматы өзеніне дейін, Үлкен Алматы өзені арасымен оңтүстік бағытта «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Есентай көшесіндегі №60-шы үйге дейін, «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Есентай көшесіндегі №60-шы үйден түзу батыс бағытта «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Алпамыс көшесіне дейін, «Шаңырақ-1» шағынауданындағы Алпамыс көшесіндегі №91-ші үйден батыс бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданындағы Ысқаков көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданындағы Ысқаков көшесімен солтүстік бағытта Қарасу-5 өзеніне дейін, Қарасу-5 өзені арасымен солтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданындағы №58-ші үйге дейін.

№27 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Ақбұлақ» шағынауданы, Шәріпов көшесі, 38, «№154 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: Момышұлы көшесі мен «Ақбұлақ» шағынауданының Байтөреков кө-

шесінің қиылысынан «Ақбұлақ» шағынауданының Байтөреков көшесімен шығыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданындағы Серғазин көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданының Серғазин көшесімен солтүстік бағытта «Ақбұлақ» шағынауданындағы Егіндібұлақ көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданындағы Егіндібұлақ көшесімен шығыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданы Аханов көшесіндегі №2А үйге дейін, «Ақбұлақ» шағынауданы Аханов көшесіндегі №2А үйден түзу оңтүстік бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Еспаев көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Еспаев көшесімен шығыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Шәріпов көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Шәріпов көшесімен шығыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданы Сарытоғай көшесіндегі №55-ші үйге дейін, «Ақбұлақ» шағынауданы Сарытоғай көшесіндегі №55-ші үйден шығыс бағытта түзу «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Әбірашұлы көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Әбірашұлы көшесімен оңтүстік бағытта «Ақбұлақ» шағынауданы Төманов көшесіндегі №5-ші үйге дейін, «Ақбұлақ» шағынауданы Төманов көшесіндегі №5-ші үйден түзу батыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Сүлейменов көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Сүлейменов көшесімен оңтүстік бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Сүлейменов көшесіндегі №2-ші үйге дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Сүлейменов көшесіндегі №2-ші үйден шығыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Дәулетқалиев көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Дәулетқалиев көшесімен оңтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылымен солтүстік бағытта Момышұлы көшесіне дейін, Момышұлы көшесімен батыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Байтөреков көшесіне дейін.

№33 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шаңырақ-2» шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 134, «№26 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: Джигитовка өзені мен «Шаңырақ-2» шағынауданының Балдырған көшесінің қиылысынан «Шаңырақ-2» шағынауданының Балдырған көшесімен шығыс бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Рахымов көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Рахымов көшесімен оңтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Сарыжаз көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Сарыжаз көшесімен шығыс бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Ысқаков көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Ысқаков көшесімен оңтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Жылсай көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Жылсай көшесімен батыс бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Рахымов көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Рахымов көшесімен солтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Жаркынбаев көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Жаркынбаев көшесімен батыс бағытта Джигитовка өзеніне дейін, Джигитовка өзенінің арасымен солтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Балдырған көшесіне дейін.

№34 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шаңырақ-2» шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 193А, «№22 қалалық емхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Шекарасы: Үлкен Алматы каналы мен Қарасу-5 өзенінің қиылысынан оңтүстік бағытта Қарасу өзенінің арасымен «Шаңырақ-2» шағынауданының Кенжайлау көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Кенжайлау көшесімен батыс бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Рахымов көшесіне дейін, Рахымов көшесімен оңтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Тойшыбек батыр көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Тойшыбек батыр көшесімен батыс бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Аристов көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Аристов көшесімен батыс бағытта Джигитовка өзеніне дейін, Джигитовка өзенінің арасымен солтүстік бағытта Үлкен Алматы каналына дейін, Үлкен Алматы каналының арасымен шығыс бағытта Қарасу-5 өзеніне дейін.

№35 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Өжет» шағынауданы, Өуезов көшесі, 48, «№156 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: қала шекарасы мен «Өжет» шағынауданының Өуезов көшесіндегі №126-шы үймен қиылысынан оңтүстік бағытта Өуезов көшесімен «Өжет» шағынауданының Сәдуақасов көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Сәдуақасов көшесімен шығыс бағытта «Өжет» шағынауданының Х.Оралтай көшесіне дейін, «Өжет» шағынауданының Х.Оралтай көшесімен оңтүстік бағытта «Өжет» шағынауданының Х.Оралтай көшесіндегі №11-ші үйге дейін, «Өжет» шағынауданының Х.Оралтай көшесіндегі №11-ші үйден батыс бағытта «Өжет» шағынауданыдағы Терекора өзеніне дейін, Терекора өзенінің арасымен солтүстік бағытта қала шекарасы мен «Өжет» шағынауданының Өуезов көшесіндегі №126-шы үйдің қиылысына дейін.

№36 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Акцент» шағынауданы, 19, «№181 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Акцент» шағынауданының №1А, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 19А, 21, 23, 25, 29 көпқабатты үйлері. «Ақбұлақ» шағынауданының №5, 6, 7, 8, 9, 2В көпқабатты үйлері. «Ақбұлақ» шағынауданы Сухамбаев көшесінің №41, 33, 21, 25, 31, 35, 37/1 үйлері.

№487 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Мәдениет» шағынауданы, Сүлейменов көшесі, 15, «№196 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Мәдениет» шағынауданының Бозақ көшесі мен қала шекарасының қиылысынан «Мәдениет» шағынауданының Бозақ көшесімен шығыс бағытта «Мәдениет» шағынауданының Нұржауған көшесіне дейін, «Мәдениет» шағынауданының Нұржауған көшесімен шығыс бағытта «Мәдениет» шағынауданының Шоған Абыз көшесіне дейін, «Мәдениет» шағынауданының Шоған Абыз көшесімен шығыс бағытта Санн көшесіне дейін, Санн көшесімен оңтүстік бағытта Үлкен Алматы каналына дейін, Үлкен Алматы каналының арасымен оңтүстік-батыс бағытта қала шекарасына дейін, қала шекарасымен «Мәдениет» шағынауданының Бозақ көшесіне дейін.

№524 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Әйгерім-1» шағынауданы, Бенберин көшесі, 52, «№149 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Әйгерім-1» шағынауданының Сағи Әшімов және «Әйгерім-1» шағынауданының Азаттық көшелерінің қиылысынан батыс бағытта «Әйгерім-1» шағынауданының Азаттық көшесімен «Әйгерім-1» шағынауданының Бенберин көшесіне дейін, «Әйгерім-1» шағынауданының Жаңа Гасар көшесіне дейін, «Әйгерім-1» шағынауданының Жаңа Гасар көшесімен батыс бағытта «Әйгерім-2» шағынауданының Түймебаев көшесіне дейін, «Әйгерім-2» шағынауданының Түймебаев көшесімен солтүстік бағытта «Әйгерім-2» шағынауданының Еркіндік көшесіне дейін, «Әйгерім-2» шағынауданының Еркіндік көшесімен шығыс бағытта «Әйгерім-2» шағынауданының Бөйгенов көшесіне дейін, «Әйгерім-2» шағынауданының Бөйгенов көшесімен солтүстік бағытта «Әйгерім-2» шағынауданының Байтөрек көшесіне дейін, «Әйгерім-2» шағынауданының Байтөрек көшесімен шығыс бағытта «Әйгерім-1» шағынауданының Бенберин көшесіне дейін, «Әйгерім-1» шағынауданының Бенберин көшесімен солтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Жылсай көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Жылсай көшесімен шығыс бағытта Джигитовка өзеніне дейін, Джигитовка өзенінің арасымен оңтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Өубәкіров көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Өубәкіров көшесіндегі №1/3-ші үйге дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Өубәкіров көшесіндегі №1/3-ші үйден оңтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Өубәкіров көшесімен «Әйгерім-1» шағынауданының Азаттық көшесіне дейін, «Әйгерім-1» шағынауданының Азаттық көшесімен батыс бағытта «Әйгерім-1» шағынауданының Сағи Әшімов көшесіне дейін.

№529 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Ақбұлақ» шағынауданы, Шуланов көшесі, 159, «Алматы қаласының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекарасы: Момышұлы көшесі мен «Ақбұлақ» шағынауданының Байтөреков көшесінің қиылысынан батыс бағытта Момышұлы көшесімен «Ақбұлақ» шағынауданының Байтөреков көшесіндегі №51-ші үйге дейін, «Ақбұлақ» шағынауданының Байтөреков көшесіндегі №51-ші үйден шығыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Серғазин көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Серғазин көшесімен батыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Еспаев көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Еспаев көшесімен оңтүстік бағытта Қарасу-2 өзеніне дейін, Қарасу-2 өзенінің арасымен оңтүстік бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Төманов көшесіндегі №45-ші үйге дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Төманов көшесіндегі №45-ші үйден батыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Шәріпов көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Шәріпов көшесімен батыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Шәмелов көшесіндегі №89-шы үйге дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Шәмелов көшесіндегі №89-шы үйден солтүстік бағытта «Ақбұлақ» шағынауданының Аханов көшесіндегі №2А үйге дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Аханов көшесіндегі №2А үйден батыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданының Егіндібұлақ көшесімен батыс бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Серғазин көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Серғазин көшесімен оңтүстік бағытта «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Байтөреков көшесіне дейін, «Ақбұлақ» шағынауданыдағы Байтөреков көшесімен батыс бағытта Момышұлы көшесіне дейін.

№530 сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Зерделі» шағынауданы, 1/65, «№182 жалпы білім беретін мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Зерделі» шағынауданындағы №35, 40, 41, 42, 43, 44, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 78, 79, 80, 81, 82, 84, 86, 87, 88, 89, 91, 92, 117, 130, 131, 133, 135, 136, 138, 139 көпқабатты тұрғын үйлер.

№531 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Акцент» шағынауданы, 19, «№181 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Акцент» шағынауданының №2/5, 45, 46, 47, 48, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 96, 97 көпқабатты үйлері.

№534 Сайлау учаскесі

Орталығы: Алматы қаласы, «Шаңырақ-2» шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 134, «№26 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.

Шекарасы: «Шаңырақ-1» шағынауданының Қарқара көшесі мен Қарасу-5 өзенінің қиылысынан Қарасу өзенінің арасымен оңтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Күмбел көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Күмбел көшесімен батыс бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Рахымов көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Рахымов көшесімен оңтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Балдырған көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Балдырған көшесімен батыс бағытта Джигитовка өзеніне дейін, Джигитовка өзенінің арасымен солтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Зерде көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Зерде көшесімен шығыс бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Жанқожа батыр көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Жанқожа батыр көшесімен солтүстік бағытта «Шаңырақ-2» шағынауданының Қарқара көшесіне дейін, «Шаңырақ-2» шағынауданының Қарқара көшесімен батыс бағытта Қарасу-5 өзеніне дейін.

№546 сайлау учаскесі



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatauqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

4033,44 теңге

6433,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2023 жылғы 18 қыркүйектегі №102-НҚ бұйрығына сәйкес, **2024 жылғы 1 қаңтардан** бастап келесі тарифтер енгізілетіні туралы хабарлайды:

Жылу энергиясын беру, бөлу жөніндегі қызметтерге арналған тариф ҚҚС-мен бірге 4457,82 теңге/Гкал құрайды.

«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты жылу энергиясымен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтері

(теңге/Гкал ҚҚС-мен)

№	Тұтынушылар атауы	01.01.2024 ж.
1	Халық тобына кіретін, жеке тұлғалар тарифі – тұтынушыларға арналған тариф	8 058,14
1.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы-тұтынушыларға арналған тариф	9 911,52
1.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф	7 089,37
1.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф	7 386,63
2	Өзге де тұлғаларға арналған тариф	14 157,48
2.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	18 404,73
2.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	10 299,76
2.3	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф	9 602,62
3	Бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	35 901,85
3.1	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	35 499,78
3.2	Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф	53 852,77

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту үшін төлем мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2024 ж.
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
1	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көпөтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	2 131,07
1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	1 014,80
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	1 217,75
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	2 435,51
2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	617,70
II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
3.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көпөтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 751,21

3.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	833,91
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	1 000,69
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	2 001,38
4.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	568,14
5.	Жылыту үшін төлем		
5.1.	Қаңтар	айына теңге/м²	355,52
5.2.	Ақпан	айына теңге/м²	299,52
5.3.	Наурыз	айына теңге/м²	240,25
5.4.	Сәуір	айына теңге/м²	11,59
5.5.	Қазан	айына теңге/м²	51,24
5.6.	Қараша	айына теңге/м²	236,59
5.7.	Желтоқсан	айына теңге/м²	321,73

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту төлемінің мөлшері

(ҚҚС-мен)

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	01.01.2024 ж.
I	Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
1.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көпөтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/адам	1 647,24
1.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	784,40
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	941,28
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 882,55
2.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	478,83
II	Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем		
3.	Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көпөтерлі тұрғын үй ғимараттары	Теңге/ адам	1 364,15
3.1.	Пәтер типтес жатақханалар:		
а)	ортақ душпен	Теңге/адам	649,59
б)	барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері	Теңге/адам	779,51
в)	барлық тұрғын ұяшықтары бар ванналармен	Теңге/адам	1 559,02
4.	Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем	Теңге/м³	441,91
5.	Жылыту үшін төлем		
5.1.	Қаңтар	айына теңге/ м²	264,96
5.2.	Ақпан	айына теңге/ м²	223,23
5.3.	Наурыз	айына теңге/ м²	179,05
5.4.	Сәуір	айына теңге/ м²	8,65
5.5.	Қазан	айына теңге/ м²	38,19
5.6.	Қараша	айына теңге/ м²	176,32
5.7.	Желтоқсан	айына теңге/ м²	239,77

КӨҢІЛ АЙТУ

«Alatau Aqparat» ЖШС-нің ұжымы медиахолдингтің Бас директоры Ержан Қалымбайұлына анасы **САЛТАНАТ НАСИХАТҚЫЗЫНЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 28 қазан, сенбі күні шығады.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12.

e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және

тарату бөлімінің менеджері –

Әсел ТАШИБАЕВА

e-mail: dalemesh@vecher.kz

тел: 293-08-25.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: 8 777 699 07 42 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

alatauqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор – Досбол АТАЖАН

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



www.youtube.com/channel/UCKx3M2xrJCHx6BrlJgyqgeA



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



vk.com/aqshamy.official



twitter.com/aqshamy_kz



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

«DASTUR FEST»

Алматыда тұңғыш рет ұйымдастырылған бұл көрменің мақсаты – халық арасында дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптеу



Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Алматы өкілдігінің ұйымдастыруымен 25 қазан – Ұлттық мереке қарсаңында «DASTUR FEST» көрмесі өтті.

Дін мен дәстүр дәріптелген көрменің ашылу салтанатына ҚМДБ-ның наиб мүфтиі Кенжеәлі қажы Қоңыратбайұлы, қоғам қайраткерлері Смағұл Елубай, Марат Тоқашбаев, Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан мен басқа да зиялы қауым өкілдері, мешіт ақсақалдары мен жамағаттары және имамдар қатысты. Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы хазреттің ыстық сәлемін жеткізген наиб мүфти Кенжеәлі қажы Мырзабаев жиналған халықты құттықтап, арнайы сөз сөйледі. ҚР мәдениет қайраткері Ислам Жеменей мен ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қаракөз Сүлейменова да баршаны мерекемен құттықтап, дін мен дәстүр сабақтастығын жаңғыртып жүрген Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының бастамасына ризашылықтарын білдірді.

Алматы Орталық мешітінің ауласында өткен көрменің салтанатты ашылуында батырлар тобы бүркіт, найза-шоқпарымен өнер көрсетсе, ұлттық шапан мен кимешек шеруі салт-дәстүріміздің озық үлгілерін паш етті. Ақ жаулықты аналар шашу шашып, келіндер көпшілікке бауырсақ дәмін ұсынды. Ақ боз аттың құлағында еркін ойнаған актер Мадияр Серікбаев ат әбзелдерінің атаулары мен қазақы мағынасын түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар, темір ұстасының киімдері көпшілік назарына ұсынылып, қазақ дәстүріндегі табақ тарту әдісін нағыз маман жұртшылыққа таныстырды. Ақын, сазгер Жәкен Омаров дін мен дәстүр сабақтастығына арнайы жазылған арнауын елге күмбірлеген домбыра үнімен жеткізді. Көрменің келесі кезеңінде тәй-тәй басқан бүлдіршіндердің тұсауы кесіліп, келген көпшілік қауым әжелердің жүн түту, сабау, жіп иіру, тағы басқа салт-дәстүрлерді орындауын тамашалады.

Сондай-ақ, көрмеге ұлттық киімдер – ерлер шапаны, кимешек, орамал, бас киімдері және заманауи үлгідегі ұлттық киімдерді дәріптеп жүрген атақты дизайнерлердің топтамалары ел назарына ұсынылды. Мерекені тамашалауға келген алматылықтар мен қала қонақтары сәні мен сапасы жоғары қазақы киімдерді киіп көріп, сол жерде сатып алуға мүмкіндік алды. Көрмеде ағаштан ойып жасалып, нағыз шебердің қолынан шыққан түрлі домбыралар, темір ұстасы жасаған бұйымдарды тамашалап, ұлттық тағам түрлерінен дәм татты. «Muftuab» баспасынан шыққан кітаптар да көрмеге көрік қосты.

«Оқырманмен ой бөліс» жобасы аясында ғалым, PhD доктор Азамат Жамашев, PhD докторанты Сырым Шакизада және ұстаз Ерлан Ақтаевтың оқырмандармен кездесуі өтті. Мереке ақшам намазына дейін жалғасты. Ұлттық мереке қарсаңында ұйымдастырылған «Дәстүр Фест» көрмесінің басты мақсаты – халық арасында дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптеу болып табылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: Azan.kz).



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ҰСТАЗ-ҒАЛЫМ
АРДАҚТАЛДЫ

Академикке ескерткіш-тақта орнатылды

Алматыда ҚР Ұлттық Ақдемиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ауылшаруашылық ғылымының докторы, профессор Рахымжан Елешевтің туғанына 85 жыл толуына орай, ғалым тұрған Ә.Шәріпов көшесі, 129-үйдің қабырғасына ескерткіш-тақта орнатылды.

Салтанатты рәсім алдында саз-таспадан Ескендір Хасанғалиевтің орындалуындағы «Атамекен» әні шырылалып тұрды.

Мұхит Мералыұлы, Ғарифолла Құрманғалиұлы бастаған қазақтың әнші, жырауларының ән-жырына құмартқан Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданында туып-өскен бозбала Рахымжан сонау елуінші жылдың ортасында Абай атындағы педагогикалық институтына табан тіреп келген болатын. Осында оқып, ұстазы, профессор, Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің ағалық мол қамқорлығын сезінген студент-қатарластары жайлы Рақанның естелігі «Алматы ақшамы» газетіне жарияланған еді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

1961 жылы аталған оқу орнын үздік бітірген Рахымжан Елешұлы жолдамамен Қазақ ауылшаруашылық институтына келді. Содан бері 60 жылдан астам уақыт осы оқу орнында табан аудармай, жастарды білім нәрімен сусындатып, аграрлық ғылымның көкжиегін кеңейтті. Елешевтің жетекшілігімен 38 ғылым кандидаты мен 12 докторы, 6 PhD дайындалды. Р.Елешев – агрохимия ғылымы бойынша қазақстандық мектептің іргетасын қалаушы. Бүкіл саналы ғұмырын жоғары білім жүйесіне арнаған ғалым Р.Елешұлының орасан зор еңбегін мемлекет те елеп-ескеріп, «Құрмет», «Парасат», III дәрежелі «Барыс» ордендерімен наградтады. Р.Елешұлы – аграрлық ғылымның арқасүйер алтын діңгегінің бірі де бірегейі.

«Рахымжан Елешұлы – білім мен ғылым саласында өлшеусіз еңбек сіңіріп, академик дәрежесіне көтерілген азамат, еліміздің аграрлық ғылым саласындағы аса көрнекті тұлға. Ол кісінің ғылым жолындағы табандылығы ғылым қуған кейінгі ізбасарлары – жастарға өшпес өнеге. Бір білім ордасы – аграрлық зерттеулер университетінде 60 жылдан астам еңбек етуінің өзі ізгілікті үлгі емес пе. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген қазақтың даналығы осындай ақ пейілді адам, ардақты ұстаз-ғалымға арналса керек», – деген Алматы әкімдігінің өкілі Арман Халбеков ғұлама ғалымның нағыз қазақы мінезді, кейінгі ұрпаққа ұлттық құндылықты өнеге еткен жайсаң да жайдары азамат екендігін жүрекжарды сөзімен жеткізді.

Салтанатқа жиылған Қазақ аграрлық зерттеулер университетінің басқарма төрағасы – ректоры Ақылбек Күршібаев, академик Мұрат Жұрынов бастаған ғалымдар, Рақанның ғалым-шәкірттері, жақын туыстары академик-ғалымның ерен еңбегін атап өтіп, жайсаң азаматты сағына еске алып, рухына тағзым етті.

А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.